Түркістан облысы
Шардара қаласы
«Шардара» мектеп-лицейі

«Бекітемін»
мектеп-лицей директоры: Л.Ә.Құлмаханбет

Тәрбие сағаты

Тақырыбы:

«Ұстаз-ұлы тұлға» атты концерттік бағдарлама

5 сыныптар

Дайындаған: Келдибаева Гулшат

2025-2026 оқу жылы

Scanned with CamScanner

Тақырыбы: **«Ұстаз – ұлы тұлға»**

Мақсаты:

- Ұстаздардың білім беру жолындағы еңбегін құрметтеу, олардың қоғамдағы орнын көрсету;
- Оқушылар бойында ұстазға деген алғыс сезімін, сыйластықты, құрмет пен ризашылықты қалыптастыру;
- Шәкірттер мен ұстаздар арасындағы рухани байланысты нығайту;
- Ұстаз мамандығының қадір-қасиетін ұғындыру және насихаттау;
- Өнер арқылы ұстаздарға көтеріңкі көңіл күй сыйлау.

1-бөлім – Кіріспе:

1-Жүргізуші:

Қайырлы күн, қадірменді ұстаздар, ардақты қонақтар және оқушылар!
Бүгін біз барша адамзаттың қадір тұтар тұлғасы – ұстаздар қауымына арналған айтулы күнді атап өткелі отырмыз.

2-Жүргізуші:

Бала жүрегіне білім мен мейірім нұрын себетін, үлкенге – ізет, кішіге – құрмет көрсетуді үйрететін ұлағатты жандар –
Сіздерге бас иеміз!

2-бөлім – Ұстаз туралы арнау:

1-Жүргізуші:

Ұстаз – ұрпақ болашағының шамшырағы.
Ұстаз – әр шәкіртінің өмір жолын жарық қылатын шырақшы.
Осы бір қасиетті мамандық иелеріне арналған мерекеміз – Ұстаздар күні құтты болсын!
Сахна төріне арнау өлеңін оқу үшін **5 «Д»** сынып оқушыларын шақырымыз.

3-бөлім – Құттықтау сөздер:

2-Жүргізуші:

Ұстаз – ең алдымен адам тәрбиелейді. Ал адам тәрбиесі – ұлт болашағының негізі.
Сол себепті де, ұстаздар – ұлттың рухани тірегі.
Енді құттықтау сөз кезегін мектебіміздің директоры
Құлмаханбет Ләззат Өмірәліқызына беріледі.

Scanned with CamScanner

4-бөлім – Концерттік бағдарлама:

1-Жүргізуші:

Ұстазға арналған сөз – ешқашан таусылмайды.
Енді кезекті шәкірттеріміздің өнеріне берейік.
Сахнада – **5 «Д»** -сынып оқушыларының орындауында
«Ұстазым менің!» әні.

2-Жүргізуші:

Бүгінгі кештің сәні — әсем би!
Күншуақты Өзбек елінің ерекше ырғақтарымен өрілген,
нәзіктік пен сұлулыққа толы **«Недәрдім»** өзбек биін қабыл алыңыздар!
Алдарыңызда **5 «Д»** сыныбының «Алау» би тобы

2-Жүргізуші:

Ұстаз – мектеп жүрегі, шәкіртінің тірегі,
Шуақты күндей шуағын төгер – жүрегі!
Сахнаға – **5 «А»** -сынып оқушысы **Тансықбай Абзалды** **«Ұстаздарым!»**
әнімен ортаға шақырамыз.

1-Жүргізуші:

Иә, ұстаз – адам өміріндегі ең қымбат жан!
Бізге білім беріп, тәрбие үйреткен, әрдайым жол көрсеткен жан.
Сахнада – **5 «Г»** -сынып оқушысы **Сағидуллина Гүлсезімнің** орындауында
«Ұстазға алғыс!» әні.

1-Жүргізуші:

Сахна төрінде —өнерлі қыздарымыздың «қазақ» биін тамашалайық. **5 «Г»**
сыныбының «Шұғыла» би тобы.
Қарсы алыңыздар!

2-Жүргізуші:

Ұстаз – мәңгі шырақ,
Ұстаз – мәңгі жарық,
Ұстаз – шәкірттерінің жүрегінде жаңғырып тұратын есім!
Сахнада – **5 «Б»** -сынып оқушылары **Тиллабай Көркем мен Тиллабай**
Дәулеттің орындауында **«Ұстазым!»** әнімен қарсы алыңыздар.

Scanned with CamScanner

1-Жүргізуші:
Ұстаз – екінші ана, жүрегі мейірімге толы.
Ана десе — жүрек елжірейді, көңіл толқиды...
2-Жүргізуші:
Олай болса, барша аналарға, соның ішінде
шәкірттерін өз баласындай аялап,
тәрбие мен білім берген ұстаз-аналарға арналған әнді қабыл алыңыздар!
Алдарыңызда – **5 «Ә»** -сынып оқушылары **Нұрлыбек Ақниет пен Бахыталды Аянаның** орындауында **«АНА!»** әнімен қарсы алыңыздар.

2-Жүргізуші:
5 «Б» сынып оқушыларының «Флешмоб» биін қабыл алыңыздар.

1-Жүргізуші:
Ұстаз – білім беріп қана қоймай,
достықтың, адамгершіліктің не екенін үйрететін жан.
2-Жүргізуші:
Ұстаздың тәлімін алған шәкірт – нағыз дос болуды да біледі.
Достық – өмірдің мәні, жүректің сәні!
1-Жүргізуші:
Олай болса, келесі ән — шынайы достыққа арналады.
Сахнада – **5 «Ә»** сынып оқушылары **Серікбай Арсен мен Абил-Амит Ахметжанның** орындауында **«Менің досым»** әнімен, қарсы алыңыздар!

1-Жүргізуші:
Ұстазым, менің жарық жұлдызым,
Үйреттің маған шындықты, дұрысын!-деп Сахнаға – **5 «В»** -сынып оқушысы **Қаныбекқызы Нұриланы** **«Ұстазға әнді арнайын!»** әнімен қарсы алыңыздар.

5-бөлім – Қорытынды:
1-Жүргізуші:
Құрметті ұстаздар!
Сіздерге зор денсаулық, шығармашылық шабыт, шәкірттеріңіздің құрметі мен елдің алғысын тілейміз!
2-Жүргізуші:
Ұстаздар күні – жүрекке жылу сыйлайтын ең мерейлі мереке.
Келесі кездескенше аман-сау болыңыздар!

Scanned with CamScanner

«Бекітемін»
Мектеп-лицей директорының
у.м.а.
_____ С.Л.Калшабеков
«10» 10 2025 ж.

«Өнерлі ұстаз - 2025»

мектепішілік мұғалімдер арасында өткізілетін байқауының сценарийі

ДТЖЖО: **А.Есенбаева**
Ұйымдастырушы-педагог: **А. Базарбаева**

2025-2026 оқу жылы

Scanned with CamScanner

Тақырыбы: «Өнерлі ұстаз-2025» байқауы

Мақсаты:Ұстаздың тарихи танымдығын, педагогикалық-психологиялық сауаттылығын, шығармашылық талантын анықтау;
Тәрбие жүйесінде ұстаздардың жаңа технологиялардың дамуы кезеңінде болашақ ұрпақтың тәрбиесі мен білім алуына ерекше көңіл бөлу, жаңартылған білімдегі тәжірибесімен өзара бөлісу. Сонымен қатар ұлттық және жалпыадамзаттық тәжірибені іске асырудың феноменальды құралы ретінде ән шығармашылығын өзектендіру, зерделеу және насихаттау арқылы олардың музыкалық- теориялық пәнге деген қызығушылығын арттыру.

Қайырлы күн құрметті қонақтар, ұстаздар, оқушылар. Ұстаздар арасында ұйымдастырылған «Өнерлі ұстаз-2025» байқауына қош келдіңіздер!

Ұстаз деген-жарық күні ғаламның

Ұстаз деген –анасы ол адамның

Бүкіл әлем мойындайды еңбегін

Сенде одан адам болып жаралдың!

Ұстаздық өте жауапты мамандық екені баршамызға белгілі. Ол мектептің де, қоғамның да, ғылымның да , білімнің де, ұлттың да,адамгершілік пен ерліктің де,жақсы мінез бен ақындықтың дана нағыз жанды өкілі.Үнемі бала кезінде болу,әрдайым жинақы, таза, әдепті жүруді талап етеді. Ұзтаздың әділдігі, адалдығы, батылдығы, мінез сұлулығы, іс пен сөз бірлігі, шыншылдығы, ұстамдылығы оқушылар тарапынан баға алып отырады. ОЛ-ӘРІ ҒАЛЫМ, ӘРІ ШЕШЕН,ӘРІ КӨШБАСШЫ. Ұстаз –білім беру сапасын арттыру саясатын тікелей жүзеге асырушы. Бір сөзбен айтсақ, мұғалім- мемлекет өкілі. Ол өзінің ісімен де, сөзімен де, жүріс-тұрысы мәдениетімен де,мектепте және мектептен тыс қоғамда Тәуелсіз мемлекетіміздің эталондық бейнесі болып табылады. Сонымен құрметті көрермендер, енді байқауымыздың мақсатына тоқталатын болсақ. Түрлі пән мұғалімдерінің шығармашылық бастамаларына қолдау көрсету, кәсіби өсуіне қолқабыс жасау. Зерек те сергек тұлғаны тәрбиелейтін адами ажарлыққа ұмтылған оқытушыны анықтау,олардың қоғамдағы әлеуметтік маңызын арттыру.Шығармашыл талантты тұлғаны саралау,өзара тәжірибе алмасу.
Байқау шарттары:

1 шарт: Үміткердің шығармашылық партфолиосы
2 шарт: Өзін-өзі таныстыру (Қатысушылар өздерін таныстырып, көшбасшылық қасиеттерін, кәсіби біліктіліктерін, шығармашылық шеберліктері мен белсенділіктерін әр қырынан жан-жақты көрсете білу) 2-3 минут
3 шарт: «Менің педагогикалық қызметім» атты кезеңде сайыскерлер кәсіби шеберліктерін ашық сабақ көрсету арқылы қорғайды. 5-8 минут

Scanned with CamScanner

4 шарт: Өз өнері көзеңі. Өнер сайысы. (ән, би, күй шығармашылығы)
5 шарт: Сұрақ-жауап – 3 сұрақ-жағдаят әр үміткерге

Ал енді, сайысымыздың әділ бағасын беретін қазылар алқасымен таныстырып өтсем.

1. Мектеп-лицей директорының уақытша міндетін атқарушы Қалшабеков Сембай Лесбайұлы
2. Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Есенбаева Алия Пайзханқызы
3. Мектеп педагог-психологы Жумабаева Феруза Зулыпхарқызы
4. Метеп кітапханашы Анарбаева Балжан

Бар өмірін балаларға арнаған,
Ғұмырларын ғибратқа жалғаған.
Ұлағатқа тасып-толған кемері,
Ұстаздарымыз сахнаға келеді,- деп , ендеше бүгінгі осы ерекше де, қасиетті тұлға иелерін , яғни байқауға қатысушы ұстаздарымызды сахна төріне шақырайық.

1. Бастауыш пәні мұғалімі- Адилова Ұлжалғас
2. Ағылшын тілі пәні мұғалімі- Ибраймхан Айнұр Ажиханқызы
3. Орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі- Тургунбаева Гулчехра Кадиржанқызы
4. Математика пәні мұғалімі- Жасұзақ Нұрдаулет Батырұлы
5. Тарих пәні мұғалімі- Зиманова Ерке Мухтаровна

Осы ұстаздарымыз қазылар алқасынан жеребені алуларын сұраймыз.

Ал енді, құрметті көрермендер сайыскерлеріміз жеребені алып болса, өздерінің реті бойынша байқауымыздың шарттарын орындауларына рұқсат берсек.

Алғашқы шартымыз қатысушыларымыздың шығармашылық партфолиосы Әділқазы алқасынан сайыскерлеріміздің ұпайларын беруін сұраймыз.

2-шартымыз: Өзін-өзі таныстыру. Сайыскерлер өздерін таныстырады (2-3 минут) Кезек;1.2.3.4.5.6. Әділқазы алқасынан сайыскерлеріміздің ұпайларын беруін сұраймыз.

Әр сабағың өтіп жатыр білінбей,

Перне басқан оркестрдің үніндей.

Әр баланың жүрегіне жол тауып,

Scanned with CamScanner

Тұрасың сен ,дирежер боп күлімдей.

Әр сабаққа кіресің сен сыйынып.

Жыр оқисың , нөсер болып құйылып.

Қас-қабағың қалт жібермей шәкірттің,

Қарайсың-ау, нұр жүзіне сүйсініп.

Жалын атып, от боп , бірге жанасың,

Білім беріп, содан бақыт табасың.

Бар өмірің өрнектеліп баламен,

Жасарып бір мәңгі жас боп қаласың.

Байқауымыздың 3- шарты «Менің педагогикалық қызметім». Мұғалім кәсіби шеберліктерін ашық сабақ көрсете отырып қорғайды (5-8 минут). Әділқазы алқасынан сайыскерлеріміздің ұпайларын беруін сұраймыз.

Мұғалім еңбегінің әлеуметтік мәніне , елдің мәдени өміріндегі белсенді рөліне кезінде қазақ зиялылары көп көңіл бөлген. Ахмет Байтұрсынұлы «Жақсы мұғалім-мектепке жан кіргізеді, басқа кемшілігі болса, мұғалімнің жақсылығы жабады білдірмейді»- деген болатын.
Ендігі кекзек шарты: «Өнер сайысы». Бұл сайыста ұстаздарымыз өз бойларындағы туа біткен өнерлерін көпшілікке паш етеді.). Әділқазы алқасынан сайыскерлеріміздің ұпайларын беруін сұраймыз.

Соңғы шарт педагогикалық жағдаят пен сұрақ-жауап.

Әр қатысушы педагогикалық жағдаят пен сұраққа жауап береді. Әділқазылар сайыскерлеріміздің ұпайларын берсеңіздер. Осымен «Өнерлі ұстаз-2025» байқауы өз мәресіне жетті. Әділқазы алқасы жалпы ұпайларын есептеп болғанша, қорытынды сөзді мектеп-лицей директорының уақытша міндетін атқарушы Қалшабеков Сембай Лесбайұлына беріледі.

Ертеңгі мемлекеттің болмысы- бүгінгі ұстаздың тәлімінде.
Сондықтан да шәкірттерге берері мен үйретері көп ұстаздарға еңекқорлық пен табандылық тілей отырып, болашақтарыңыз берік, келешектеріңіз кемел болсын дегіміз келеді.
Қош сау болыңыздар!

Scanned with CamScanner

Бағалау парағы («Өнерлі ұстаз-2025») 20.10.2025ж

№	Аты-жөні , пәні	I сайыс Үміткердің шығармашылық портфолиосы	II сайыс Өзін-өзі таныстыру 2-3 минут	III сайыс Менің педагогикалық қызметім» ашық сабақ көрсету арқылы қорғайды. 5-8 минут	IV сайыс Өз өнері кезеңі. Өнер сайысы. (ән, би, күй шығармашылығы)	V сайыс Сұрақ-жауап – 3 сұрақ-жағдаят әр үміткерге	Жалпы ұпай	Қорытынды	Орын
1 2	Адилова Ұлжалғас Тойлыбековна Бастауыш пәні мұғалімі	3	3	4	4	5.	19		
2 3	Ибраймхан Айнұр Ажиханқызы Ағылшын тілі пәні мұғалімі	4	4	4	5.	5.	22		
3 1	Тургунбаева Гулчехра Кадиржанқызы Орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі	4	3	4	4	5.	20		

Scanned with CamScanner

Жасұзақ Нұрдаулет Батырұлы Математика пәні мұғалімі	5	5	5				
Зиманова Ерке Мухтаровна Тарих пәні мұғалімі	5	5	5	5	5	25	

Scanned with CamScanner

"Шардара" мектеп-лицейінде ұстаздар арасында
өткізілген "Өнерлі ұстаз-2025" байқауына

Анықтама

20 қазан күні мектеп-лицейімізде ұстаздар арасында «Өнерлі ұстаз- 2025» мектепішілікбайқауы өтті. Байқауға әдісбірлестіктенқатысқан ұстаздар өз өнерлерін,шеберлігін,таланты мен тапқырлығын көрсетіп,өз тәжірибелерімен бөлісті. Байқау 5 шарттан тұрды.

Байқаудың мақсаты жалпы білім беретін ұйымдарындағы тәрбиенің рөлін арттыру, тәрбие үдерісін жетілдіру,тәрбие субьектілерінің құзырлығын дамыту. Кәсіби деңгейі жоғары, шығармашыл және талантты тұлғаны анықтау, мұғалімнің шығармашылық тәжірибесін айқындау.

Әділқазылар алқасының қорытындылауымен III орын бастауыш сынып мұғалімі Ұ.Адилова, II орын орыс тілі пәнінің мұғалімі Г.Тургунбаева, I орын ағылшын тілі пәнінің мұғалімі А.Ибраимхан, Бас жүлде тарих пәнінің мұғалімі Е.Зиманова иеленді. Аудандық кезеңге Е.Зимановаға жолдама берілді.

Scanned with CamScanner

«Бекітемін»
Мектеп-лицей директоры м.у.а:
С.Л. Қалшабеков

«Жаса, жайна Қазақстан!»

салтанатты мерекелік іс-шараның сценарийі



2025-2026 оқу жылы

Scanned with CamScanner

Мақсаты: Балалардың туған жерін, туған елін, халқын ардақтап өтуге үйрету. Отанға деген патриоттық сезімдерін ояту.ҚР рәміздерін қадірлеу,қастерлеу.
Көрнекілігі: Ледэкранға тақырыбтық фон... ҚР мемлекеттік тудың суреті.

Біз, қазақ халқы оны ұзақ уақыт аңсадық, арман тілегімізді ғасырлар бойы жырға қосып, тасқа қашадық. Күннен күн келді, аңсаған тан атты, тілегіміз қабыл болып, егемендік болдық. Жүрегімізбен жар салып, жер жаһаннан сүйінші сұрадық. Алдағы күннен сенім арттық. Бүкіл ел болып әр жетістігіне балаша қуандық, алар асуымыз алда. Сен мықтылардың қатарындасын. Шарықта, самға,

Тәуелсіз Республикам менің!!! Тек алға!!!

ФАНФАР /заставка/

Ортаға жүргізушілер шығады

І. Әнұран.

Қазақша би: «Шабыт» биімен ортаға 6 «Б» сынып қыздары

1-жүргізуші:

Армысыздар, құрметті ұстаздар мен оқушылар, бүгінгі мерекеміз Республика күніне арналған, кешімізді ашық деп жариялаймыз!

1990 жылдың 25 қазан күні ҚазССР-нің мемлекеттік Егемендігі туралы Декларация қабылданып, 2001 жылы Республика күні деп жалпақ жұртқа жария еткен болатын. 8 жыл мереке ретінде қайта тойланатын болды. өткен соң мемлекеттік мерекелер тізімінен алынып тасталып,арада13 жыл өткен соң мемлекет басшысы Қасым Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың бастамасымен бұл мейрам ұлттық мереке болып тойлануда.

Ендеше алғашқы мерекелік құттықтау сөзі мектеп-лицей директорының міндетін уақытша атқарушы Қалшабеков Сембай Лесбайұлына беріледі.

2-жүргізуші:

Тәуелсіздік халықтың арман қанаты. 1991 жылы біз қанатымызды байлап тұрған құрсауды бұзып, биікке құлаш сермедік, әлемге Қазақстанды тәуелсіз мемлекет ретінде жариялады қ.Біз, өз Отынымыздың жаңа дәуір тарихын бірге жаздық, негізін бірге қаладық. Халықтың ынтымағы бізді мызғымас тәуелсіз мемлекетке айналдырды, береке мен бірлік, татулық пен келісім бұл біздің тәуелсіз мемлекетіміздің жетістігі және өркениет көшіне ілесуінің кепілі болып табылады.

Scanned with CamScanner

1-жүргізуші:

Армысыз мектебіміздің асылдары

Жайнасын көңілдердің жасыл бағы

Сіздер үшін ән мен күй,өлең мен би

Сіздер үшін мереке шашулары

2-жүргізуші:

Ұшырмай көкіректен жыр кептерін,
Өлеңсіз аша алам ба сыр беттерін?
Армысың жиналған топ үлкен, кіші,
Армысың айналайын халқым менің.

1-жүргізуші:

Еркіндігім.

Қасиеттім.

Қастерлім.

Өзің барда өзегімде жоқ шер мұң!

Кеше сенің келбетіңді арманғып,

Боданына бұғауландық басқа елдің.

Бабалардың басын тігіп бәйгеге,

Аналардың жанарына жас бердің!

Уа, Еркіндік, қош келдің!

Ән: «Бабалар ұраны». Орындайтын 6 «Б» сынып оқушысы Тәңірберген Дидар

2-Жүргізуші:

Өзегімді өртке ораған қоғамда,

Өз үйіме өзім өгей болам ба?!

Алшаң басып жүре алмаса алты алаш

Азаттығым! Қадірің де жоқ онда!

...Саған жету қиын болса қаншалық,

Сақтап тұру қиынырақ одан да!

Scanned with CamScanner

Алла берген азаттық тың әр сәті-
Аманат қой
Маған,
Саған, Оған да!

Ән: «Туған жер» . Орындайтын 2 сынып оқушылары Ахмет Айзере мен Жанболат Балжан

1-Жүргізуші:
Қызыл бұлттай көрсең қырдың гүлдерін,
Көрсең ашық Ала таудың күндерін.
Жеріңде гүл, көгіңде күн бір жүзген,
Ұлан байтақ Республикам бұл менің.

2-жүргізуші:

Республика қасиетті ұғым бұл
Ей,келешек жан тәнімен ұғып біл,
Он әріп не мағына береді
Ал талдайық жеткеніңше қызыл тіл!

Ортаға Республика күніне арналған жыр шумақтар: Орындайтын 5 сынып оқушылары Каримбек Айғаным, Қадыр Альмира, Жанболат Марғұлан, Сарсенбай Ханшайым, Сарсенбек Қуаныш, Нұрланқызы Інжу

1-жүргізуші:

Еліміздің нағыз патриоттарын, еңбеккор, білімге құштар, салт-дәстүріміз бен адамзаттық құндылықтарымызды қастерлейтін жас жеткіншектерді Отансүйгіш ұландарды тәрбиелеу мақсатында Республикалық Бірыңғай «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымы құрылған болатын. Осыған орай мектебімізде үздіктер мен екпінділерін «Жас Қыран» және «Жас Ұлан» ұйымының қатарына қабылдау үшін оқушыларды ортаға шақырамыз.

2-жүргізуші:

Бүгінгі жиынның ең жауапты сәті, ант тапсыру рәсімін «Жас Ұлан» ұйымы қатарына қабылданушы оқушыларға береміз.

1-жүргізуші:

Құрметті ұстаздар мен өзін-өзі басқару ұйымының мүшелері сіздерді «Жас Ұлан»ұйымына қабылданған оқушыларға төс белгілерін табыстау рәсіміне шақырамыз.

Scanned with CamScanner

2-жүргізуші:

Құрметті оқушылар «Жас Ұлан »ұйымына қабылдануларыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Егеменді еліміздің еңселі азаматтары болуларыңызға тілектеспіз.

1-жүргізуші

Тәуелсіздікті таңдаған,
Айтылсын әсем арман-ән.
Қазақтың туы көгілдір,
Қыран боп көкте самғаған.
Ән: « Мен қазақтың қызы». Орындайтын 6 «Б» сынып оқушысы Тұрысбек Ұлпан

2-жүргізуші:

Ақжайық, Алтай арасы
Қазақтың шалқар даласы
Республикама қарашы!
Жерімнің дәні маржандай
Қырманы асқар таулардай
Республикама қарашы!
Шолсаң да биік аспаннан
Қар қырар кені тастардан
Республикама қарашы!
Шырқаған сайын тірегі
Республикама қарашы!

Ән: «Қазағымсың». Орындайтын 6 «В» сынып оқушысы Сәруар Маруа

1-жүргізуші:

Жүргізуші:
Қазақстан – туған Отан алтын бақ,
Қазақстан – мейірлі ана, дос қымбат.
Қазақстан – бізді туған Ұлы Отан,
Ұлы жолға түсті келіп жарқылдап.
Қазақстан – көпті көрген қария,
Жайнай берсін, жайнай бер сен мәңгі!

2-жүргізуші:

Бүгінгі Республика күніне арналған «Жаса, жайна Қазақстан!» атты салтанатты мерекелік жиынымызды жабық деп жариялаймыз! Елімізде татулық болсын! Сау болыңыздар!

Scanned with CamScanner

"Шардара" мектеп-лицейінде 25 қазан Республика күні мерекесіне арналған "Жаса, жайна ,Қазақстан!" атты іс-шарасына

Анықтама

24 қазан күні мектеп-лицейіміздің акт залында Республика күні мерекесіне орай "Жаса, жайна, Қазақстан!" атты салтанатты мерекелік жиын өтті. Мақсаты балалардың туған жері мен елін сүюге, халқына құрметпен қарауға, Отанға деген патриоттық сезімдерін арттыру және Қ.Р рәміздерін қадірлеу, қастерлеу. Іс-шараны мектеп-лицей директорының міндетін уақытша атқарушы С.Л.Қалшабеков ашып, барша ұжымды және оқушыларды Республика күнімен шын жүректен құттықтады.Іс-шарада оқушылар қонақтарға арнап патриоттық әндер айтып, би билеп, өз шығармашылықтарынан мәнерлеп өлеңдер оқылып, жақсы көңіл-күй сыйлады.
Республикалық Біріңғай "Жас Ұлан" балалар мен жасөспірімдер ұйымына салтанатты қабылдау жиыны жалғасын тапты.Мектебіміздің Үздік және үлгілі оқушыларымыз "Жас Ұлан"және "Жас Қыран" ұйымдарының қатарына қабылданып, өз анттарын берді.Салтанатты рәсім барысында оқушылар елге адал қызмет етуге, Отанды сүюге және рәміздерді қастерлеуге ант етті.

Scanned with CamScanner

Түркістан облысы

Шардара қаласы

«Шардара» мектеп-лицейі коммуналдық мемлекеттік мекемесі

«Армысың , Алтын күз!»

«Күз ханшайымы-2025» байқауының сценарийі



2025-2026 оқу жылы

Scanned with CamScanner

« Армысың, Алтын күз!»

Мақсаты: Оқушылардың әртістік қабілетін дамыту, еңбексүйгіштікке баулу, табиғатты сүюге тәрбиелеу, ауызбіршілікке бейімдеу.
Көрнекілігі: Ледэкран тақыптық фон, шарлар

Жүргізуші:
Қайырлы кеш достар! Күз патшайымы сіздерді соңғы сиқырлы сәтін, күзгі гүлдердің керемет жұпарын, жиналған жемістердің айқын да сиқырлы сұлулығын, әрине күзге тән ойшыл және сонымен қатар қуанышты көңіл күй сыйлау үшін шақырды.
Армысыздар ағайын, құрбы – құрдас,
Бармысыздар жан күйер, әз қауымдас.
Бүгінгі кеш әуенін біз бастайық
Сайыста көңілменен қол соғайық! – дей келе, құрметті көрермендер бүгінгі дәстүрлі Күзгі бал кешіне қош келдіңіздер!

Жүргізуші:
Біздерде ойын сауық басталады,
Тамаша күй тартылып ән салады.
Қошеметтеп қол соғып отыралық,
Ұмытарсыз күні бойы шаршағанды!!!
Құрметті ұстаздар мен оқушылар!
Біздің бұл байқауға жиналып отырған мақсатымыз бүгінгі «Күз ханшайымы-2025» сайысының «Ханзадасы» мен «Ханшайымын» іріктеп шығару.
Жүргізуші:
Аққудай әдеміміз, сұлу жанбыз,
Әр үйде шығатұғын жаңа таңбыз.
Жан сұлуымен тән сұлуын тепе – тең ғып,
Еріксіз өзімізге қаратармыз, - дей отырып ортаға қатысушы жұптарды шақырамыз!- дей отырып ортаға қатысушы жұптарды шақырамыз.
1. Нұрлан Жансая Ералымқызы – 9 «А» сынып оқушысы
Есен Ермұхаммет Ерланұлы
2.Кәдір Кубра Әбділсәмедқызы – 9 «Д» сынып оқушысы
Мөрбек Асылжан
3.Бағдат Нурила Ерланқызы - 8 «А» сынып оқушысы
Тағайхан Дінмухаммед Бекзатұлы
4. Жұмакельди Айлана Смадиярқызы – 8 «Ә» сынып оқушысы
Шымбай Даниал Габитұлы
5. Сулфатбай Әсем Омарқызы – 8 «Б» сынып оқушысы

Scanned with CamScanner

Пілал Нұрсаят Нұрғалиұлы
6. Ибадуллаева Мереке Шавкатқызы – 8 «В» сынып оқушысы
Жумадилла Дастан
7. Жаңабай Назгүл – 8 «Д» сынып оқушысы
Нұрмұхаммад Заңғар

Жүргізуші:
Әділ – қазы береді,
Өздеріңе сыйлықты.
Бізге айтып береді,
Кім өнерші, кім мықты? – деп, әділ – қазы алқасымен таныстырып өтейік.
Әділ – қазылар мүшелері.
1. Директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары - Махимова Жамила Бегайдарқызы

2. Мектеп- лицейіміздің педагог-психологы Жумабаева Феруза Зулыпхарқызы

3.Мектеп-лицейіміздің әлеуметтік педагогы Алимбекова Раушан Талипбекқызы

Көп сөйлеп жөн – жобадан аспайық біз,
Қандай сайыс болса да, қашпайық біз.
Ал, енді сіздер рұқсат етіңіздер,
Қанекей, жұптар сайысын бастайық біз.
Ендеше сайыскерлерімізге сәттілік тілеп байқау шарттарымен таныстырып өтелік

I сайыс: Таныстыру
II сайыс: «Өнерің өрге жүзсін»
III сайыс: «FASHION MODEL»(сән үлгісі)
IV сайыс: «Көрме» үй тапсырмасы (Өз шығармашылықтары бойынша қолөнер бұйымдары немесе күзгі дақылдардан бейне жасау)
Vсайыс: Логикалық сұрақтар.

Сонымен алғашқы сайысымызды бастаймыз «Таныстыру» сайысы!
Ортада 1 – ші жұп!

Scanned with CamScanner

Жүргізуші:
Шалқып, тасып әніміз,
Жадырасын жанымыз.
Бүгінгі күз кешінде
Би билейік бәріміз

Жүргізуші:
Он саусақтан өнер тамған шебер болу керемет,
Өлең айтып, би билеп, жасап жатсаң текемет,
Өнеріңді көрсетші құрбыларым, қанекей,
Жұптарға сөз берелік біз жекелеп, дей келе «Өнерің өрге жүзсін» сайысын бастаймыз! Әр жұп өзінің дайындап келген өнерін ортаға салады.
Ал, әділ қазылар өнерінің бағасын беріп отырайық.

Жүргізуші:
Модельер болу оңай ма?
Қиналып жатсаң мұңайма.
Әр мамандық өзгеше,
Өз мәнінде, шырайда, - деп келесі кезекте «Сән үлгісі» сайысы. Бұл сайыстың шарттарымен таныстырып өтсек, сайыскерлеріміз күз байлығын көрсету мақсатында үйден түрлі күзгі киімдер дайындап келуі тиіс еді. Табиғи материалдар пайдалануына да болады.
Әр жұп дайындаған киімдерін киіп мода көрсетеді.
Ал ендеше ортаға әр жұпты кезекпен шақырамыз.

Жүргізуші:
Тапсырма мынадай: менің қолымда жеміс – жидектердің аты жазылған жапырақтар бар, соның біреуін таңдап алып, өз балаңызға ыммен түсіндіру керексіз. Түсіндіріп, баласы дұрыс жауап бергендер ойыннан шыға береді.

Жүргізуші:
IV сайыс: Көрме. Өз шығармашылықтары бойынша қолөнер бұйымдары немесе күзгі дақылдардан бейне жасау.

Vсайыс. Логикалық сұрақтар. Қатысушылар сұрақтарға жауап береді.
Бұл «Күзгі бал» сайысының ең соңғы қорытынды байқауы!

Жүргізуші:
Жеңістер мен жеңілістен тұратын,

Scanned with CamScanner

Өмір күрес, жеткізе мұратын.
Жеңбедім, жеңілдім деп ренжімегім,
Қатысу да бір жеңіс, жаң болсаң сен ұғатын.
«Күзгі бал» байқауын қорытындылау үшін әділ қазылар алқасына аз ғана уақыт береміз! Ендігі кезек әділ қазыларда!

Жүргізуші:

Осылайша сайысы өз мәресіне жетті. «Күз ханшайымы - 2025» байқауының жеңімпаздары _____ Ең бастысы жоғарыда айтып кеткенімдей біздің бұл байқауға жиналып отырған мақсатымыз бүгінгі «Күзгі балл» сайысының «Ханзадасы» мен «Ханшайымын» іріктеп шығару. Олай болса олар да анықталды.

«Күз ханзадасы»:

«Күз ханшайымы»:

Жүргізуші:

Тіршілік – арман, бәрімізге де орын бар,
Басады кейде онсыз да қиын жалын бар.
Қуаныш та бар, өкініш те бар жолдарда,
Ұстауым менің, достарым менің
Бәрінде аман болыңдар!

Осымен «Армысың, Алтын күз!» атты кешіміз аяқталды! Көріскенше, қош - сау болыңыздар!

Scanned with CamScanner

“Шардара” мектеп-лицейінде өткізілген мектепішілік “Күз ханшайымы-2025” байқауына

Анықтама

17 қазан күні «Армысың, Алтын күз!» мерекелік іс-шарасы аясында «Күз ханшайымы-2025» байқауы өткізілді. Байқауға 8-9 сынып оқушылары қатысты. Бас жүлде 9 «А» сынып оқушысы Нұрлан Жансая, I орын 8 «Б»сынып оқушысы Сулфатбай Асем, II орын 8 «А»сынып оқушысы Бағдат Нурила , III орын 8 «Ә» сынып оқушысы Жумакельди Айлана, 9 «Д» сынып оқушысы Кәдір Кубра, 8 «Д» сынып оқушысы Жаңабай Назгүл, 8 «В» сынып оқушысы Ибадуллаева Мереке арнайы номинациямен марапатталды.

Scanned with CamScanner

Шардара ауданы
Шардара қаласы
«Шардара» мектеп-лицейі

«Бекітемін»
Мектеп-лицей директоры:
_____ Л.Ө.Қалмұханбет

«Абыройлы еңбекпен – құрметті зейнетке»

мерекелік кеші

Дайындағандар: тарих және география бірлестігі

2025-2026 оқу жылы

Scanned with CamScanner

Қайырлы күн, құрметті әріптестер, қадірлі қонақтар, ардақты ұстаздар!
Бүгін біз ерекше сәтке куә болғалы жиналдық.
Ұзақ жылдар бойы білім беру саласында адал еңбек етіп, талай шәкірт тәрбиелеген ұлағатты ұстазымыз, ардақты апайымыз
Абдраимова Ұлтай Асилханқызының зейнеткерлікке шығуына арналған салтанатты кешімізге қош келдіңіздер!

Бүгінгі ерекше мерекелік кешіміздің құрметті қонағы – саналы ғұмырын ұрпақ тәрбиесіне арнаған, білікті де білімді ұстаз, тарихшы, Ұлтай апайымызды қарсы алуға рұқсат етіңіздер!

(Музыка қосылады — салтанатты, жүрекке әсерлі әуен)

(Ұлтай апай залға кіргенде, барлығы орнынан тұрып, шапалақтап қарсы алады)

Ұлағатты ұстаз,
Ұлт тарихын ұрпаққа үйреткен
Жүрегі мейірімге толы
Ұлтай апайымызды!
Құрметпен қошемет көрсетіп,
Ортаға шақырамыз !

Құрметті Ұлтай апай!
Еңбегіңіз ерен, жүрегіңіз кең.
Бүгінгі зейнетке шығу — қоштасу емес, құрмет пен ризашылықтың бастауы.
Ұрпақ тәрбиесіндегі өлшеусіз үлесіңіз үшін мың алғыс!

Ұлтай апай – жай ғана ұстаз емес, тұтас бір дәуірдің, тұтас бір ұрпақтың тәрбиешісі. 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасының қаһарман қатысушысы ретінде, апайымыз ұлт тағдыры сынға түскен сәтте алаңға шыққан ержүрек жастардың қатарында болды. Қар-мұздың үстінде, қаһарлы аязда тоңып отырса да, бойындағы жігер мен намысты мұздатпаған қайраткер жан!
Ұстаздық жолында да сол рух, сол сабыр, сол ұстанымымен шәкірт тәрбиеледі.
Киімі – жинақы, сөзі – салмақты, жүрісі – текті жан.
Нағыз қазақ әйеліне тән болмысымен елге үлгі болды.

Бейнебаян

Иә, «Ұстаз – мәңгі шырақ» дейді халқымыз.
Ұлтай апай – ұрпаққа өнеге, жасқа тәлім, елге үлгі болған абзал жан!
Ендеше, апайға арнап жүрекжарды өлең жолдарын қабыл алыңыздар:

Scanned with CamScanner

Ұлтай апайға арналған арнау өлең:

Ұстаз деген — ұлылықтың белгісі,
Ұрпақ өсіріп, тұғыр қылған ел ісі.
Тарихты айтып, тереңінен толғаған,
Ұлтай апай — шын ұстаздың келбеті!

Сан балаңыз білім алды қолыңыздан,
Тек жақсылық күтеміз жолыңыздан.
Әр шәкіртің жүрегінде сақталарсыз,
Тарихымды таныткан сол ұстаздан.

Сабырлысыз, саликалы сөзіңіз де,
Тік жүресіз, әділдік те көзіңізде.
Ұлағатты болмысыңыз — ұрпақ үлгі,
Шынайы жан шуағын төккен жүзінде.

Ұстаз болып жандыңыз әрбір көкте,
Шәкірттерге шуағыңыз төгілді көпке.
Желтоқсанда ерлікпен көзге түскен,
Жүрегіңіз – жігерден, намыстан оттан.

Қыстың қаһарына қарсы тұрып,
Қорықпастан шықтыңыз дауыл ұрып.
Сол желтоқсан желі – тарихтың үні,
Ұлтай апай – ерліктің нағыз бірі!

Ұлағатты ұстаз деп танидық Сізді,
Сабырлы сөз, салмақты ой – әр ісіңізді.
Киім үлгісі, жүріс-тұрыс, болмысыңыз —
Көпке өнеге, келісті әр қадамыңыз.

Жүрдіңіз әркез биікпенен,
Жол көрсеттің талайға тілекпенен.
Шәкірт сүйіп, әріптес сыйлап өткен,
Ұлтай апай – алтын есім жүректерде.

Scanned with CamScanner

Ұстаз – мектеп жүрегі, шәкіртінің тірегі,
Шуақты күндей шуағын төгер – жүрегі! -деп
Сахнаға – **6 «А» -сынып оқушысы Бейдулла Рамазан мен Нуриддин Інжуді**
«Ұстазым!» әнімен ортаға шақырамыз.

Енді құттықтау сөз кезегін мектебіміздің директоры
Құлмаханбет Ләззат Өмірәліқызына беріледі.

Ұстаз – өмір шамы, шапағат нұры,
Шәкірт – сол шырақты тұтатқан шыны.
Ұстаз бен шәкірт – егіз ұғым, мәңгі байланысқан жүрек үндері.
Олай болса, осы бір жарасымды байланысты әнмен жеткізетін
«Ұстаз бен шәкірт» әнін орындауға сахнаға **Мұратиярова Перизат апайымыз бен Оразбай Айзерені** шақырамыз:
(оқушылардың есімдері болса, атауға болады)
Қошеметпен қарсы алыңыздар!

Ұстаз – мәңгі шырақ,
Ұстаз – мәңгі жарық,
Ұстаз – шәкірттерінің жүрегінде жаңғырып тұратын есім!
Иә, ұстаз – адам өміріндегі ең қымбат жан!
Бізге білім беріп, тәрбие үйреткен, әрдайым жол көрсеткен жан.
Сахнаға «Ұстаздың ғана қолында!» әнімен «Жалын» тобын шақырамыз!

Ендігі кезекте – ұлағатты апайымыздың әріптестерінен жылы лебіздер тыңдайық!

Сыйлықтар табыстау сәті:
Ұлтай апайға құрмет белгісі ретінде мектеп ұжымы атынан естелік сыйлықтар мен гүл шоқтарын табыс ету сәтіне кезек береміз!

Ал енді кеш иесі – Ұлтай Асилханқызының өзіне сөз беріледі.

Қорытынды сөз:
Құрметті қонақтар, бүгінгі кеш – бір ұрпақтың алғысы мен қошеметін білдіру ғана емес, жүрекке жеткен ризашылықтың көрінісі.
Ұлтай апай, Сіздің есіміңіз – шәкірттердің жүрегінде, Сіздің ерлігіңіз – тарих бетінде, ал өнегеңіз – біздің жадымызда мәңгі!
Зейнет жасыңыз – тыныштық пен қуаныштың, амандық пен шүкірліктің жасы болсын!

Тарих-география бірлестігінің «Қимай тұрмын» әні.

Scanned with CamScanner

"Шардара" мектеп-лицейінде "Абыройлы еңбекпен –құрметті зейнетке" атты іс-шарасына

Анықтама

10 қазан күні Зейнеткерлікке шығарып салу кеші өткізілді. Мектеп- лицейімізде ұзақ жылдар бойы тарих пәнінен сапалы білім мен саналы тәрбие беріп келген ардақты ұстазымыз- Абдраиымова Ұлтай Асилханқызын зейнеткерлікке шығарып салу кеші өтті. Іс-шара барысында әріптестері мен шәкірттері ұстазымыздың ұзақ жылғы еңбегін ерекше ілтипатпен атап өтіп, жылы лебіздері мен жүрекжарды тілектерін білдірді. Сонымен қатар 2002-2003 оқу жылының түлектері, яғни шәкірттері де ұстаздарына тосын сый жасап, ерекше құрмет көрсетті.

Scanned with CamScanner

Түркістан облысы
Шардара қаласы
«Шардара» мектеп-лицейі

Бекітемін:
«Шардара» мектеп- лицейінің
директоры: Л.Ө.Кулмаханбет

Ұстаздар күніне арналған

«Ұстаздың еңбегі сөнбес»

атты мектепішілік іс-шарасының сценарийі



2025-2026 оқу жылы

Scanned with CamScanner

Тақырыбы: «Ұстаздың еңбегі сөнбес!»
Мақсаты: Оқушыларды ұстазды құрметтеуге, сыйлауға үйрету, ұстаз мамандығының қыры мен сырларын түсіндіру. Ұстаз еңбегін әрқашан бағалай білуге үйрету.
Хор: **«Ұстазым»** 11 сынып оқушылары
Жүргізушілер шығады.
1- жүргізуші: Армысыздар, бармысыздар, Қош келдіңіздер, Құрметті де аяулы ұстаздар!
2-жүргізуші: Ұстаз деген - жарық күні ғаламның,
Ұстаз деген - анасы ол адамның.
Бүкіл әлем мойындайды еңбегін,
Сен де одан адам болып жаралдың.
Ұстазыңды түсінген сен тереңнен,
Бар әлемге еңбегімен еленген.
Сенің бағың өрге қарай өрлесе,
Ол да бірге қуанышқа кенелген.
1- жүргізуші: Бүгін бізде үлкен мереке. Бүгін ұстаздар қауымының төл мерекесі. Олай болса бүгінгі күн ұстаздарға арналмақ. Ұстаз -ұлағатты есім. Күн сәулесі өмірге қандай жарық берсе, ұстаз есімі де шәкірттерге күндей жарық береді.
Ақырын жүріп анық бас.
Еңбегің кетпес далаға
Ұстаздық еткен жалықпас,
Үйретуден балаға, - деп Абай атамыз айтқандай, шәкірттерінің өзінен озғанын қалаған ұстаздар қауымы.
2- жүргізуші: Денсаулықтарыңыз мықты болсын, шаңырақтарыңыз шаттыққа толсын, біздей шәкірттеріңіз көп болсын!
БІРГЕ: **Мерекелеріңіз құтты болсын!**
Би: Қазақша 9 «А» сынып қыздары
1-жүргізуші: Шәкірттер санасына сәуле шашып, шырақ отын маздатқан ұстаздар қауымына ақ лебіз, жылы тілегін білдіру үшін ортамызға мектебіміздің директоры Құлмаханбет Лаззат Өмірәліқызын шақырамыз.
2-жүргіуші: Сен қалай ойлайсың? Менің ойымша, кез-келген мұғалім ұстаз бола алмайды. Себебі ұстаздық-өнер, тағылымы терең өнер. Ал өнерлі болу кез-келген адамға қона бермейді. Олай болса, шын ұстаз болу үшін табиғи дарын ізгілікті ізденіс пен ерен еңбекке ұштастырылуы шарт. «Шәкіртсіз ұстаз тұл» деген сөз тегін айтылмаса керек.
Ән «Мен сені сүйемін өмір». Орындайтын мектебіміздің педагог-психологы Жұмабаева Феруза апайымызды қарсы алайық
1-жүргізуші: Ұстаз болу - жүректің батырлығы,
Ұстаз болу - сезімнің ақындығы,
Ұстаз болу - мінездің күн шуағы,
Азбайтұғын адамның алтындығы -
деп ақын Ғафу Қайырбеков ағамыз жырлағандай, біздің мектебімізде сөзі маржан, үні ән ұстаздардың бар болғанын мақтаныш етемін. Әрине, ұстаз жүгі-ауыр жүк. Адамның жан дүниесін түсініп, ренжітпей, қателігін сездіре білу - бұл нағыз шеберлік емес пе?!
2-жүргізуші: екеуміз ұстаздар туралы нақыл сөздер айтып жарысып көрсек қайтеді?
1-жүргізуші: Ал ендеше баста.
2-жүргізуші: «Ұстаз болу-өз уақытын аямау, өзгенің бақытын аялау»,
1-жүргізуші: «Ұстазға қарап шәкірт өседі»
2-жүргізуші: «Аспаз көрген ат таныр, ұстаз көрген хат таныр»
1-жүргізуші: «Ұстазыңды ұлы әкеңдей сыйла»
2-жүргізуші: «Ұстазы жақсының-ұстамы жақсы»

Scanned with CamScanner

1-жүргізуші: екеуміз Ұстаз туралы қанша мақтау сөз айтсақ та тауыса алмаспыз. Ендеше, қымбатты ұстаздар, шәкірттеріңіздің өздеріңізге арналған өлең-шумақтарына кезек берелік.
Ән: «Ұстаз» орындайтын 6 «Д» сынып оқушысы Кадирбек Айгерім
2-жүргізуші;Құрманғазы,Тәттімбет
Домбырамен сайраған.
Жүректе от жансын деп,
Елге күйін арнаған.
дей келе мектебімізде домбыра үнін күмбірлеткен күйші Рахматулла Жарас, Баратова Ардақ, Жайсанбай Қайсар" Ерке сылқым" күйімен ортаға шақырамыз! Қарсы алыңыздар
1-жүргізуші: Ұрпақпен өмір жолы жалғанады,
Көңілді күндер тусын алдан әлі
Ән-шашу әсем әуен, түрлі өнер,
Бүгінгі күн сіздерге арналады
2-жүргізуші:Асыға сәлем жолдап жүректен біз
Бірге өсіп ен жайлаған ұл менен қыз,
Тәтті күй, асқақ ән мен әсем биді,
Сіздерге тарту етіп ұсынамыз,-дей келе алдарыңызда мектебіміздің мың бұралған бишілерін ортаға шақырамыз.
Алдыларыңызда 5 «Г» сынып қыздары – өзбек биі «Надардим» Қарсы алыңыздар!

1- жүргізуші: «Ұстаз» ұлағатты есім. Шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, тәлім-тәрбие беру, жақсы қасиеттерді бойына дарытып, адамгершілік рухта бағыт-бағдар беруде ұстаздың еңбегі зор.
Ендігі кезекті тағы да ардақты ұстаздарымыз жайлы әнге береміз. «Ұстазым» әнін орындайтын 5 «А» сынып оқушысы Таңсықбай Абзал
2-жүргізуші:Қазақ қызы күлімдер күн көзіндей,
Дөңгеленіп билейді ай жүзіндей.
Жұлдыздардай өрнекті аспандағы,
Биші қыздар бұрала билейді би.
Сахна төрінде «Қамажай» биімен 2 «А» сынып қыздарын қарсы алыңыздар!
1- жүргізуші: Ұрпаққа айтар ақылы, көрсетер өнегесі бар, аналық, әкелік сезімнің, дана ойдың ыстық лебі бар аға ұрпақ өкілдері, мектептің жүрегі ардагер ұстаздарымыз ортамызда отыр. (қонақтарды таныстырады)
2- жүргізуші: Құрметті қонақтар, сіздер салып кеткен сара жол-ұстаз жолы - ұлы жол. Өткен жолдарыңызға көз жіберіп, еске ала отырып, өздеріңізге бірнеше сұрақ қоюға рұқсат етіңіздер.
1 қонаққа сұрақ: Ұстаздық өмірге қалай келдіңіз? Жүрек қалауымен бе, әлде осы мамандықты таңдауға себепші оқиға немес бір жағдай болды ма?
2 қонаққа сұрақ: «Ұстаз болу жүректің батырлығы» дейді, осы ұстаздық қызметті таңдауда батырлықпен қандай қасиет адам бойынан табылу керек деп ойлайсыз?
3 қонаққа сұрақ: Кешегі өзіңіз еңбек еткен мектебіңізден қандай өзгерістерді байқадыңыз? Мектебіңізге айтар тілегіңіз?
1-жүргізуші: Ұстаз-шәкірт алдында сыйлы адам. Ұстаз жайлы айтылар сыр да, жыр да көп. Ұстаз сенімін ақтау-адамгершіліктің белгісі. Мұғалімнің жүрегі соғып тұруы үшін: жауаптылық, қажырлылық,, білімділік, жүректілік,сүйіспеншілік, сабырлылық керек екен.
2-жүргізуші: Жақсы жандар жанымызда әрқашан
Ұлағатты сөзін биік ұстаған
Ардақты ұстаз асыл анаң секілді
Тәрбиелейді балапандай жасыңнан

Scanned with CamScanner

1-жүргізуші: «Ұстаз» деген ардақты, киелі, үлкен құрметпен айтылатын сөз, ол әр адамның жастайынан сауатын ашатын, өнеге үйретіп, тәрбие беретін «Білім» атты кемеге отырғызып, болашаққа жол көрсететін, анаңдай әлпештеп, маңдайынан сипайтын адам.

2-жүргізуші: Мерекемізді жалғастырайық. Ендігі кезекті ән «Әже-әжетайым» ұстаз әжелерімізге арналады.Орындайтын 2 «Б» сынып оқушысы Жандарбек Аяжан

1-жүргізуші

Құлақтан кіріп, бойды алар
Жақсы ән мен тәтті күй.
Көңілге түрлі ой салар,
Әнді сүйсең, менше сүй.

«Ұстаз» әні 5 «Г» сынып оқушысы Суйнулла Гүлсезім қабыл алыңыздар

2-жүргізуші: Ғылым иесі ғалым да, ел қорғаған батыр да, тілінен бал тамған ақын да, тегеуріні темір балқытқан жұмысшы да, егін салған диқан да, мал бағып терін төккен шопан да, көк күмбезінен әрі өткен ғарышкер де бәрі-бәрі ұстаздан білім, тәлім алған, сондықтан ұлағатты ұстаздар сіздерге бүкіл адам баласы құрметпен бас иеді.

МҰҒАЛІМ - мейірімді, ұлағатты, ғазиз, ақылды, лайықты, іскер, маман.

/Көңілді күй, сахнаға оқушылар шығады, олар ұстаздарға біркелкі бас иеді/

1-жүргізуші:

Бүгінгі күн құшақтары гүлге толсын,
Дендеріңнің саулығы мықты болсын.
Білімімен суарған шәкірттерін,
Төл мерекең ұстаздар құтты болсын!-дей отырып ортаға бастауыш сынып мұғалімі Бакитжанова Райгул апайымыздың «Жолыққан қандай жақсы» әнін қабыл алыңыздар!

2-жүргізуші:

Құрметті ұстаздар!
Бүгінгі Ұстаздар мерекесіне арналған «Ұстаздың еңбегі сөнбес!»
атты мерекелік концертіміз аяқталды. Көңіл қойып тыңдағандарыңызға көп – көп рахмет!

Бірге: Келесі кездескенше хош сау болыңыздар!

Scanned with CamScanner

Түркістан облысы
Шардара қаласы
«Шардара» мектеп-лицейі коммуналдық мемлекеттік мекемесі

«Бекіту»
Мектеп-лицей директоры:
_____ Ә.Ө.Құлмаханбет

«Тәуелсіз елдің ұландары!»

Салтанатты мерекелік іс-шараның сценарийі



2025-2026 оқу жылы

Scanned with CamScanner

Тақырыбы : Тәуелсіз елдің ұландары

Мақсаты: Балалардың туған жерін, туған елін, халқын ардақтап өтуге үйрету. Отанға деген патриоттық сезімдерін ояту.ҚР рәміздерін қадірлеу, қастерлеу.

Көрнекілігі: Ледэкранға тақырыбтық фон . ҚР мемлекеттік тудың суреті.

Мемлекеттік ән-ұран

1-Жүргізуші : Армысыздар құрметті ұстаздар ,оқушылар және қадірменді қонақтар! Бүгінгі Тәуелсіздігіміздің 34 жылдығына арналған «**Тәуелсіз елдің ұландары»** атты мерекелік кешімізге қош келдіңіздер!

Тәуелсіздік –ең басты құндылығымыз . Тәуелсіздікке қан төгіссіз, бейбіт түрде жеткізгеннен ғана еліміздің әлемнің өркениетті мемлекеттерінің қатарына қоса алдық. 34 жыл ішінде Тәуелсіз Қазақ елін қалыптастырып, нарықтың қиын өткелектерінен аман өткізіп келеміз.Осы кезенде Қазақстанды дүние дидарындағы ең мықты мемлекеттер танитындай, сыйлайтындай деңгейге жеткізген саясаткердің ерен еңбегін дәл бүгін және әрқашанда айтып өтеміз.

Тәуелсіздік күні еліміздің барлық азаматтары үшін орны ерекше деп білеміз ,себебі осынау жүрек жарды қуанышқа толы күнді ата бабаларымыз ғасырлар бойы армандап күтумен өтті.

2-Жүргізуші :

Армандарды жақындатып тым алыс

Біздің жаққа жеткен екен тым алыс

Егемендік –ел бақытты ,ертеңі,

О,халайық !Құтты болсын қуаныш!

Азат өлкем күндей күлген шығыстан,

Асыл елім жан-жүректі ұғысқан.

Ата бабам аңсап өткен бақытым,

Айналайын Қазақстан –Гүлстан!

Scanned with CamScanner

1-Жүргізуші:

Кең байтақ ,көз жетпейтін жерім менің

Таулы орман ,жасыл жайлау көлім менің

Бүгінде бар әлемге даңқың жетті

Тәуелсіз қазақстан –елім менің

2-Жүргізуші: Құттықтау сөз мектеп-лицейіміздің директоры Құлмаханбет Ләззат Өмірәлікызына беріледі.

1-Жүргіуші :

Желтоқсан –заман толғағы байтақ даланың

Шарпыған сәті үміт пен күдік қаланың

Желтоқсан-Қайрат ,Ләззат ,Сабира

Құрбаны болған жаланың

Ал қоғамның адамнан бар ма асылы

Кеткенде жоқ құлақтан зар басылып ,

Бұғаудағы боздықтары кете барды

Бірі атылып ,ал бірі дарға асылып

2-Жүргізуші:

Барлық ұлттың басын қосты бұл достық

Ұлы достық Нұрлы достық

Күн достық Достық деген қасиетті ұранға

Кен даланың жүрегі де үн қосты

Биші қыздар биімінен де үн қосты

Би: Мереке бишілер тобы орындайтын 6 «Б»сынып оқушылары

1-Жүргізуші:

Таң қалады тергеуші де бел кетіп

Неткен қайтпас ,біз мұндайды көрмедік

Scanned with CamScanner

Барлық қазақ осындай ма білмедім

Жоқ әлде сен оқшау ма елдің ,не ерлік

Барлық қазақ осындай бар қанында

Сол ерлікпен ұстаған ,сар даламды,

Кіргізбеген жауларын ,бір сүйем де,

Ұрпағы үшін жан берген ,өр бабамда

Ән: Бабалар ұраны орындайтын 6 «Б»сынып оқушысы Тәңірберген Дидар

2-Жүргізуші:

Қазақпын ,еңселі елмін егеменді

Кеңейттім кең әлемге керегемді

Мұхиттың ар жағында жатқан жұрттар

Таныды тепе –тең деп тереземді.

Қазақпын, қойнауы - құт ,жері-дархан

Әнімді бес құрлықтың бәрін айтам.

Ән: «Жаса Қазақстан» орындайтын дует 6 «Ә»сынып оқушылары Пердебай Айзере мен Тұрған Айсұлтан

1-жүргізуші:

Тәуелсіздік қасиетті ұғым бұл

Ей,келешек жан тәнімен ұғып біл,

Он әріп не мағына береді

Ал талдайық жеткеніңше қызыл тіл!

Ортаға Тәуелсіздік күніне арналған жыр шумақтар:Орындайтын 5 «А» сынып оқушыларын ортаға шақырамыз Хамит Айшат,Серікбай Еркеназ, Қармыс Айғаным ,Перне Ерсұлтан Аман Нұрсаят

2-Жүргізуші:

Қасиетті Қазақстан мекенім ,

Ақиқаттың алтын бесігі екенсің.

Scanned with CamScanner

Елім,жерім, Отаным - бақ - дәулетім,

Болашағым , өнер – білім, өркенім.

Ән: «Туған жер». Орындайтын 2 «В» сынып оқушылары Ахмет Айзере мен Жанболат Балжан

1-Жүргізуші:

Бойымда әні бұлақ жатыр бұрқылдап

Сол бұлақтан сыр ағыздым жыр құлап

Тілеймін барша жұртқа бір ғана

Ырыс ,бақыт,татулық пен ынтымақ.

Ән: «Тәуелсіз ел ұраны». Орындайтын 6 «Ә» сынып оқушылары Айнабек Еркенұр мен Пердебай Айзере

2-Жүргізуші:

Еліміздің нағыз патриоттарын, еңбекқор, білімге құштар, салт-дәстүріміз бен адамзаттық құндылықтарымызды қастерлейтін жас жеткіншектерді Отан сүйгіш ұландарды тәрбиелеу мақсатында Республикалық Бірыңғай «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымы құрылған болатын. Осыған орай мектебімізде үздіктер мен екпінділерін «Жас Қыран» және «Жас Ұлан» ұйымының қатарына қабылдау үшін оқушыларды ортаға шақырамыз.

1-Жүргізуші:

Бүгінгі жиынның ең жауапты сәті, ант тапсыру рәсімін «Жас Ұлан» ұйымы қатарына қабылданушы оқушыларға береміз.

2-Жүргізуші:

Құрметті ұстаздар мен өзін-өзі басқару ұйымының мүшелері сіздерді «Жас Ұлан» ұйымына қабылданған оқушыларға төс белгілерін табыстау рәсіміне шақырамыз.

1-Жүргізуші:

Құрметті оқушылар «Жас Ұлан » ұйымына қабылдануларыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Егеменді еліміздің еңселі азаматтары болуларыңызға тілектеспіз.

Scanned with CamScanner

2-Жүргізуші:

Ту тігілді халқымның бүгін бағына

Жас өрендер желбіретіп нық ұста

Ғасырларға жалғастырып елдікті

Дақ түсірме ата баба рухына

Үлгі бізге аталардың ерлігі

Тәуелсіздік туын ұстап жоғары

Бүгінгі ұрпақ болар елдің ертеңі дей келе- ортаға **«Туған жер» әнін** қабыл алыңыздар. Орындайтын 5 "Д"сынып оқушылары Қадыр Альмира, Жанболат Марғұлан ,Сәрсенбек Ханшайым және Кәримбек Айғаным.

Бүгінгі Тәуелсіздігіміздің 34 жылдығына арналған **«Тәуелсіздік елің ұрандары»** атты мерекелік жиынымызды жабық деп жариялаймыз! Елімізде тыныштық , татулық болсын! Сау болыңыздар!

Scanned with CamScanner

"Шардара" мектеп-лицейінде 16-желтоқсан
Тәуелсіздік мерекесіне арналған "Тәуелсіз елдің ұландары"
атты іс-шарасына

Анықтама

15-желтоқсан күні мектеп-лицейіміздің акт залында "Тәуелсіз елдің ұландары" атты мерекелік кеші өткізілді. Мақсаты туған жерін, туған елін, халқын ардақтауға, Отанға деген патриоттық сезімдерін оятуға, Қ.Р мемлекеттік рәміздерін қадірлеуге және қастерлеуге баулу. Мерекелік іс-шараға бастауыш сыныптар бойынша ДЖЖО Ж.Махимова, ДТЖЖО А.Есенбаева, мұғалімдер және өзін-өзі басқару ұйымының мүшелері қатысты. Сонымен қатар мектебіміздің үздік оқушыларымыз "Жас Ұлан" біріңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымына қабылданды.

Әлеуметтік желіге салынған сілтемесі:
https://www.facebook.com/100016945712462/posts/1983170648924440/?mibextid=rS40aB7S9Ucbxw6v

Scanned with CamScanner

Түркістан облысы

Шардара қаласы

«Шардара» мектеп-лицейі коммуналдық мемлекеттік мекемесі

«Кел, төрлет, Жаңа жыл!»



2025-2026 оқу жылы

Scanned with CamScanner

Тақырыбы: «Кел, төрле, Жаңа жыл!»

Мақсаты: Балаларға мерекелік көңіл күй сыйлау. Биылғы кіретін жаңа 2026 жыл жылқы жылы екенін айту. Көңілді де , қызықты ойындар ойнату арқылы достық қарым қатынастарын арттыру, бірлікке тәрбиелеу.

1- жүргізуші:

Құрметті ата аналар, ұстаздар, оқушылар! «Кел, төрле, Жаңа жыл!»атты мерекеге қош келдіңіздер!

Армысың, аманбысың Жаңа жылың.

Жаңа жылым! О, менің Жаңа Жырым!

Жылқы жылы келгенде, сый ғып тартып.

Ақтарайық әнменен көңіл сырын.

2-жүргізуші:

Кел , жаңа жыл,

Төрле, төрле жеріме,

Құт береке боп келгейсің еліме,

Үміт артып армандарға аяулы.

Шаттығына бөлегейсің бізді де.

1- жүргізуші:

Жаңа жылым мол болсын,

Басқан қадамың оң болсын.

Төрле,төрле жаңа жыл,

Бізге құтты жыл болсын!

Ән: «Бақытты балалық шақ»

Орындайтын : Жорабек Шындаулет

2-жүргізуші:

Келді, келді жаңа жыл,

Scanned with CamScanner

Қуанып қарсы ала біл.

Аяз ата сыйлығын,

Алайық айтып жаңа жыр - деп балалардың тақпақтарына кезек берейік.

Ойын : Жұмбақ жасыру

1.Қыста ғана болады, ұстасаң қолың тоңады. (қар)

2.Тісі жоқ тістеп алады, қолы жоқ сурет салады. (аяз)

3.Терезені өрнектеп, әдемі сурет салыпты.

Кім екенін табайық, көрінбей кетіп қалыпты. (аяз)

4.Қыста киімін тастайды, көктемде киіне бастайды. (ағаш)

5.Таңмен көзін ашады, әлемге нұрын шашады. (күн)

6.Жаңбыр жауып басылды, аспан шайдай ашылды.

Қызыл, сары, жасылды, көкте бір зат асылды. (кемпірқосақ)

1-жүргізуші:

Ей, жаңа жыл , жаңа бақыт ырысым.

Жақсылықтың жаршысы да нұрысың.

Адамдардың асқақтаған арманы,

Ақындардың таусылмайтын жырысың.

Ән: «Тәтті-тәтті»

Орындайтын: Рысқұл Мәруа

2-жүргізуші:

Құттықтау сөз: Мектеп- лицей директоры Л.Ө.Құлмаханбет, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Кулиева Элмира Оңғарқызы, әлеуметтік педагог Мұсақұлова Қарлығаш , дефектолог Нұржанова Құндыз апайларымызға береміз.

Scanned with CamScanner

1-жүргізуші:

Жаңа жыл,жаңа жыл,

Жаңа жылға ,жаңа жыр.

Жасыл шырша жанында

Билеп барлық бала жүр.

Би: Заманауи би . Ортаға 5сынып қызарын шақырамыз.

2-жүргізуші:

Жаңа жылым, жаңа күнім, ардақты,

Жаңа жылым, салиқалы, салмақты!

Қазағымның айқара ашып есігін ,

Жақсылықпен жаңалығын жалғапты!

Ән: «Жаса Қазақстан» . Орындайтын Пердебай Айзере мен Тұрған Айсұлтан

Жаңа жылда балалар,

Тек қуаныш көріңдер.

Ауырмаңдар ешқашан,

Мықты болу өзіңнен.

1-жүргізуші: Міне , құрметті ата аналар, балалар! Жаңа 2026 жылымыз құтты болсын! Жаңа жыл әрбір отбасыларыңызға жаңа нұр,жаңа шуақ, табыс бен береке, қуаныш пен мереке алып келсін.

2- жүргізуші:Біз тілейміз жаңа жылдық шаттықты!Біз тілейміз жаңа жылдық бақытты! Жаңа жылдарыңыз құтты болсын! Келесі жаңа 2026 жылда кездескенше, сау саламатта болайық!

Scanned with CamScanner

“Шардара” мектеп-лицейінде Жаңа жыл -2026 мерекесіне арналған “Кел, төрлет, Жаңа жыл” атты іс-шарасына

Анықтама

«Кел, төрлет, Жаңа жыл»

Шардара аудандық білім бөліміне қарасты «Шардара» мектеп-лицейінде ерекше білімді қажет ететін балаларға мерекелік көңіл-күй сыйлау мақсатында іс-шара өтті. Биылғы 2026 жыл – Жылқы жылы, сондықтан мектеп-лицейде қызықты ойындар ұйымдастырылып, балалардың достық қарым-қатынасын арттыруға және бірлікке тәрбиелеуге ерекше көңіл бөлінді.

Іс-шараға мектеп-лицей директоры Л. Құлмаханбет, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Э. Кулиева, ұйымдастырушы педагог А.Базарбаева, арнайы педагог Қ. Нұржанова қатысып, балаларды мерекемен құттықтап, жаңа жылдық тәттілерден жасалған сыйлықтар табыстады. Сонымен қатар, шағын концерттік бағдарлама көрсетіліп, балалар жақсы көңіл-күймен тарады.

Әлеуметтік желіге салынған сілтемесі:
https://www.facebook.com/100016945712462/posts/1989029541671884/?mibextid=rS40aB7S9Ucbxw6v

Scanned with CamScanner

Бекітемін:

Мектеп-лицей директоры: Л.Ө.Құлмаханбет

Тақырыбы:

«Поэзия! Менімен егіз бе едің?» атты Мұқағали Мақатаевтың 95 жылдық мерей тойына орай ақынды еске алуға арналған ақынның өлеңдерін мәнерлеп оқудан байқау жоспары

Дайындаған: Ғ.Н.Демеуова
Куренбаева Ж

2026 оқу жылы

Scanned with CamScanner

«Поэзия! Менімен егіз бе едің?» атты Мұқағали ақынды еске алуға арналған ақынның өлеңдерін мәнерлеп оқу сайысының сценарийі

Кештің мақсаты: Ақиық ақын, артына айрықша өшпейтін із қалдырған Мұқағали Мақатаевтың өмірі мен шығармашылығына шолу жасау.

М.Мақатаевтың поэзиясының халыққа кең таралуының мәні және оның өміршеңдігінің сыры неде екенін таныту, сезіндіру, шығармашылығының музыкасымен үндесу ерекшелігін, ақынның сөзіне жазылған әндерін көпшілік назарына ұсыну.
Көрнекілігі: слайд, кітап көрмесі,ақынның өз дауысымен оқылған өлеңдері. Сахнада ақын жайлы слайд.

1-жүргізуші:

Болмаса егер ақиқаттан бөтені,
Айтылған сөз арлы адамға жетеді.
Туындысы дана менен дараның
Жүректе екенжайғасатынмекені.

2-жүргізуші:

Жырыменен жүректерді тербеген,
Жан жарасын талайлардың емдеген.
Мөрі болған жиырмасыншы ғасырдың
Мұқағали сынды ақындар кемде кем!

1-жүргізуші: Ассалаумағалейкүм, қадірменді қауым!

2-жүргізуші: Армысыздар, қадірлі ұстаздар мен қымбатты оқушылар!

1-жүргізуші: «Поэзия, менімен егіз бе едің...»–деп жырлаған әдебиет патшалығының ғажайып ханзадасы, һәм бірегей сардары ретінде салтанат құрған Мұқағалидың құдіретті өлеңдері халқының жүрегінде.

2-жүргізуші: Ендеше, бүгінгі кешіміз Хантәңірінің мұзбалағы, ақиық ақын, тау тұлғалы талант, дарынды дарабоз, «Ғасыр ақыны» атанған, миллион сырлы сезімнің иесі – Мұқағали Мақатаевтың туған күніне арналады.

1-жүргізуші: Ақынның туған күні- 9-ақпан. Бұл күн қай жерде́ болмасын жыл сайын ақпан айында тойлана беретіні хақ.

Екі жүргізуші бірге: Ендеше, ақын шығармашылығына арналған **«Поэзия! Менімен егіз бе едің?»** атты ақынның өлеңдерін мәнерлеп оқу кешіне қош келдіңіздер!!! Кеш шымылдығын ашу үшін ортаға мектебіміздің директоры – Құлмаханбет Лаззат Өмірәлі шақырамыз!

Scanned with CamScanner

Директордың биіндік оқыту, ғылыми әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасыры: Телеубергенова Кунсая апайымызға береміз

2-жүргізуші: Абаймен үндес Мұқағалидай перзенті бар халық –шынымен бақытты халық. Иә, Мұқағали – ғажайып, ақиық, сыршыл, гуманист ақын. Оны біреулер «көрінбейтін сиқыр бояулардан, бізге естілмейтін құпия дауыстарға толы жұмбақ ақын» десе,

1-жүргізуші: кейбіреуі:«Жоқ ол – қара өлеңнен қаймақ қалқыған қарапайым ақын, өлеңін бәріне түсінікті тілде жеткізген таңғажайып ақын» дейді. Өзін 1834 өлеңімен миллиондаған, тіпті миллиардтаған жүректі жаулап алып, бірде жылатқан, бірде қуантқан Мұқағалиды ақын емес деп көріңіз..!

2-жүргізуші: Поэзия патшалығындағы пайымдауы өзгеден бөлек ақын жебелі жырын жүректерге ерекше үнмен, соны серпінмен жеткізді.

Ақын өлеңдерінен композиция болсааа

1-жүргізуші:

Ән сал жаным,

Әніңмен тербет мені.

Бір сәтке тынсын тірлік жер-көктегі ,—

деп ақын жырлағандай , ақын өлеңіне жазылған әнге кезек берейік.

Ән:

2-жүргізуші: Ақиық ақын 1931 жылы Алматы облысы, Нарынқол ауданы, Қарасаз ауылында дүниеге келген. Әкесі Сүлеймен Ұлы Отан соғысында, Калининград майданында қайтыс болған. Анасының аты – Нағиман. Әжесінің бауырында өскен соң, Мұқағали өз анасын «Нақа» деп атаған екен.

1-жүргізуші: Соғыс зардабы бұғанасы қатпаған балаларға ауыр салмақ салды. Сол бір сұрапыл жылдарда әжесі мен шешесінің, екі інісінің ортасындағы бас көтерер еркек кіндіктен ересегі Мұқағали бала иығын батпандай басқан отбасының ауырпалығын ерте сезе бастайды.

2-жүргізуші: Иә, ақын ерте есейді,еңбекке ерте араласты. Орта мектепті бітірген соң, ауылдың хатшысы, қызыл отаудың меңгерушісі, комсомол комитетінде болды. 1949 жылы Лашын апамызбен өз отбасын құрды. Одан соң дүниеге Алмагүл, Шолпан атты екі қызы, Айбар, Жұлдыз атты ұлдары келді. Майгүл есімді қызы 10 жасында қайғылы қазаға ұшырап, Мұқағали ағамыздың қабырғасын қайыстырды.

Scanned with CamScanner

1954 – 1962 жылдарыҚазақрадиосында диктор болыпқызметатқарды. Ал, 1962 – 1972 жылдарда «СоциалистікҚазақстан», «Қазақәдебиеті» газеттерінде, «Мәдениетжәнетұрмыс», «Жұлдыз» журналдарындабөліммеңгерушісіболыпеңбекетті. 1972 – 1973 жылдарыҚазақстанжазушылародағындаәдебикеңесшіқызметінатқарды.

1-жүргізуші:Ақынның тұңғышөлеңі 1948 жылыНарынқолауданында «Советтікшекара» газетіндежарыққөрді. Ақынныңшығармаларынегізіненелге, туғанхалқынадегенсүйіспеншілігін, махаббатын, өміргедегенқұштарлығынжырлауғаарналған.

2-жүргізуші:Мұқағалиөлеңжазыпқанақоймай, өзөлеңдеріншеберокиалғанақын. ОлбіразуақытҚазақрадиосында диктор болып та қызметететеді. Онындауысерекшелігін, оқумәнерін«қазақтың Левитаны»атанғанӘнуарбекБайжанбаевжоғарыбағалап, өзқоластынаалады. Ендеше, қазақрадиосының «алтын қорында» сақталыпқалғанақынныңөздауысына құлақтүрелік.

(Мұқағалидыңөз дауысыменөлеңіоқылады, видеослайд)

1-жүргізуші:

Мен бақыттымын,
Бақытты жерде туылдым.
Айналайын Қарасаз,
Қасиетінен суының!

2-жүргізуші:

Сенің әрбір бұлағың —
Менің әрбір қан тамырым емес пе?
Қасиетті тұрағым,
Қасиетінен суыңның!–деп тереңнен толғайды.Ендігі кезекті ақынның туған жер, Отан туралы жырларына берейік.

1.

2.

3.

4.

5.

1-жүргізуші:

Scanned with CamScanner

Поэзия – сәулелісезімніңсыңғырлығын, жүрекдүрсілініңәмқоңырауы.Олжаңа мен түрленудің, нәрберудіңқұралы.

Мұқағали:

Ақынмындеп мен қалайайтааламын,

Халқымныңөзіайтқанынқайталадым.

…Күпікигенқазақтыңқараөлеңін,

Шекпенжауыпөзінеқайтарамын,– десе,

2-жүргізуші:замандасы, әріптесі руханидостарыныңбірі – ЖұмекенНәжімеденов:

Күпікигенақынның
Костюмдіойы – тамаша,
Киіндірген Абай тек қараөленділжаңаша.
Қағып-сілкіпкүпіні – шекпеналғансолақын –
ШекпенкигенкешегіМұқағалиболатын,-деп оны жылықабылдайды, мойындайды.

1-жүргізуші: Ақынның «Аманат» жыр жинағы 2000 жылы Мемлекеттік сыйлыққа ие болды. Бүгінде Мұқағали ақынның 13 кітабы бойынша 1834 өлең, 19 поэмасы бар екені анықталып отыр. Мұқағалидың өлеңдерін жыр сүйер қауым іздеп жүріп оқитын болды. Ақын өлеңдеріне 100 –ден астам әндер жазылды.

1- жүргізуші: Мұқағали-мәңгілік өмір! Ақын мұрасы,маржан поэзиясы-мәңгілік,болашақ ұрпақтың еншісі,қастерлеп қадірлейтін мұрасы, ақын көкірегінен буырқана ағылған жыр жанартаулары өлең құмар халыққа таусылмайтын сый, мол қазына болып қала бермек. Ақынныңсөзіөлмесе, өзі де өлмегені.

1-жүргізуші: Көңіл қойып тамашалағандарыңызға көп рахмет!!!

Scanned with CamScanner

«Поэзия! Менімен егіз бе едің?» атты Мұқағали Мақатаевтың 95 жылдық мерей тойына орай ақынды еске алуға арналған әдеби-сазды кеште, өз шығармашылығынан өлең жыр оқитын және ақынның өлеңдерін жатқа оқитын оқушылыр тізімі

№	Аты-жөні	сыныбы	тақырыбы	Пән мұғалімі	Орын балл
1	Дәулетбек Бекасыл	7 «А»	«Тау бір аңыз»	Алматова Салиха	
2	Қылыш Жасұлан	7 «А»	«Шыда»	Алматова Салиха	
3	Нұрлан Асылжан	7 «А»	«Қарасаз»	Алматова Салиха	
4	Нұрлан Жанерке	7 «А»	«Әйелдер ай»	Алматова Салиха	
5	Бауыржан Жания	7 «А»	«Өз өзіңді жақсы көр»	Алматова Салиха	
6	Тұрғын Орынай	7 «Ә»	«Үш бақытым»	Рыштаева Бахыт	
7	Мергенбай Алинұр	7 «Ә»	«Отан»	Рыштаева Бахыт	
8	Ибраим Ақмаржан	7 «Г»	«Үш бақытым»	Демеуова Ғалия	
9	Кенжай Айкен	7 «Г»	Бақыт деген не өзі?	Демеуова Ғалия	
10	Ергешбай Балгерім	7 «Д»	«Өз өзіңді жақсы көр»	Рыштаева Бахыт	
11	Қалдарбек Ақмарал	7 «Д»	«Дос болам десең»	Рыштаева Бахыт	
12	Шамиева Фатима	6 «А»	«Шеше сен бақыттысың»	Еспенбетова Зубайра	
13	Аблай Нұрхан	6 «Ә»	«Отан»	Демеуова Ғалия	
14	Канжар Айдана	6 «Ә»	«Жапырақ жүйрік жас қайың»	Демеуова Ғалия	
15	Жаңабай Айназ	6 «Ә»	Махаббат па?	Демеуова Ғалия	
16	Тұрған Айсұлтан	6 «Ә»	«Үш бақытым»	Демеуова Ғалия	
17	Жорабеков Шыңдаулет	6 «Ә»	«Елім барда»	Демеуова Ғалия	
18	Дилдабек Тоғжан	6 «Ә»	1«Анашым» 2 «Ғашықпын» Өз шығармашылығынан Мұқағалиға арнау	Демеуова Ғалия	
19	Балқыбек Айару	6 «Ә»	Бақыт деген не өзі?	Демеуова Ғалия	

Scanned with CamScanner

20	ПердебайАйзере	6 «Ә»	«Өз өзіңді жақсы көр»	Демеуова Ғалия	
21	Мыкбай Мадина	6 «Ә»	«Шеше сен бақыттысың»	Демеуова Ғалия	
22	Қалдыбек Нұрбибі	6 «Б»	Туған күн	Еспенбетова Зубайра	
23	Үсен Інжу	6 «Б»	«Шеше сен бақыттысың»	Еспенбетова Зубайра	
24	Алпыс Мөлдір	6 «Б»	1 Дос болам десең... 2	Еспенбетова Зубайра	
25	Қансейіт Сәруар	6 «В»		Куренбаева Жанар	
26	Ергеш Айдын	6 «В»		Куренбаева Жанар	
27	Бахит Нурислам	6 «В»		Куренбаева Жанар	
28	Олжабек Айда	6 «Г»		Куренбаева Жанар	
29	Эрназар Айару	6 «Г»		Куренбаева Жанар	
30	Бахыталды Аяна	5 «Ә»	«Ғашықпын»	Исимова Алия	
31	Кесикбай Арсен	5 «Ә»	«Үш бақытым»	Исимова Алия	
32	Құттымұрат Бекзат	5 «Б»	«Шеше сен бақыттысың»	Демеуова Ғалия	
33	Абдиашимқызы Ақнұр	5 «Б»	«Отан»	Демеуова Ғалия	
34	Мықтыбек Ақбота	5 «Б»	«Бақыт деген не өзі?»	Демеуова Ғалия	
35	Асан Айару	5 «Б»	«Ана»	Демеуова Ғалия	
36	Бахит Ұлдана	5 «Б»	«Пай, пай өмір»	Демеуова Ғалия	
37	Тұңғышбек Нурикамал	5 «Б»	«Үш бақытым»	Демеуова Ғалия	
38	Тағабай Айсұлтан	5 «Б»	«Нені аңсаймын...?»	Демеуова Ғалия	
39	Жарас Іңкәр	5 «В»	«Отан»	Демеуова Ғалия	
40	Асқар Айару	5 «В»	«Шеше сен бақыттысың»	Демеуова Ғалия	
41	Молдахмет Сабыржан	5 «В»	«Үш бақытым»	Демеуова Ғалия	
42	Абдукадирова Атина	5 «В»		Демеуова Ғалия	

Scanned with CamScanner

“Шардара” мектеп-лицейінде М.Мақатаевтың 95 жылдық мерейтойына арналған “Поэзия! Менімен егіз бе едің?” атты іс-шарасына

Анықтама

Мектеп-лицейімізде Ұлы ақын Мұқағали Мақатаевтың 95 жылдық мерейтойына орай “Поэзия! Менімен егіз бе едің?” тақырыбында 5-7 сынып арасында ақынды еске алуға арналған әдеби-сазды кеш өткізілді.Оқушылар ақынның шығармашылығынан мәнерлеп өлеңдер оқып, өз өнерлерін ортаға салды. Мәнерлеп оқу байқауына 42 оқушы қатысты.

Іс-шара соңында әділқазылар алқасы белсенді қатысқан оқушыларды арнайы марапаттармен марапатталды.
Атап айтар болсақ 7 сыныптар арасында III орын 7 «Д» сынып Қалдарбек Ақмарал, 7 «А» сынып Бауыржан Жания,II орын 7 «А» сынып Қылыш Жасұлан, II орын 7 «Г» сынып Ибраим Ақмаржан,I орын 7 «Д » Ергешбай Балгерім. 6 сыныптар арасында III орын 6 «Ә» Дилдабек Тоғжан, 6«Ә»Канжар Айдана, II орын 6 «Б»сынып Алпыс Мөлдір, Бахит Нұрасыл , I орын 6 «Ә» Жорабек Шындаулет, 5 сыныптар арасында III орын Женисбек Ұлдана, II орын Тағабай Айсұлтан , I орын Құттымұрат Айсұлтан иеленді.

Scanned with CamScanner

«Бекітемін»
Мектеп – лицей директоры
Л.Құлмаханбет

Түркістан облысы
Шардара қаласы
«Шардара» мектеп – лицейі

Тақырыбы:

«Мен болашақ Отан қорғаушымын» атты әскери – патриоттық сайыс сабағының жоспары

Дайындаған: Қалшабеков Сембай
Журсінов Бақдаулет

2025 жыл

Scanned with CamScanner

«Мен-болашақ Отан қорғаушымын» атты әскери-патриоттық сайыс сабағы

Тақырыбы: «**Мен-болашақ Отан қорғаушымын**» атты әскери-патриоттық сайыс сабағы.
Мақсаты және міндеті: Оқушыларды Қазақстандық патриотизмге баулу.
Оқушылардың әскерде қызмет етуге деген ынталарын арттыру.
Оқушылар арасында достықты нығайту.
Оқушыларды әскери оқу орындарына түсуге баулу.
Оқушылардың дене даярлығын спорттық шеберліктерін арттыру.

Өткізілетін орны мен мерзімі:

«Шардара» мектеп – лицейінің спорт залы 2025 жыл 26 ақпан, уақыты 13 :00

Көрнекіліктер:
1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері: Туы, Елтаңбасы, Гимн.
2. Нақыл сөздер жазылған плакаттар.
3. Шарлар, гүлдер, әскери музыкамен жабдықталған.
4. Экран, проектор

Жарыстың өтілу барысы:(Әскери-патриоттық әуен)

Мұғалім сөзі: (Рапорт) Директор мырза 10 және 11 сынып оқушылары әскери-патриоттық жарысқа сапқа тұрғызылды, баяндап тұрған АӘД пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы Жүрсінов. Мектеп тік тұр! Мемлекеттік
ән–ұран орындалсын!
1-жүргізуші. Құрметті қауым! Ауған жерінен Кеңес әскерлерінің шығарылуына 36 жыл және Тәжік-ауған қақтығысына 24 жыл толуына орай ұйымдастырылған **«Мен-болашақ Отан қорғаушымын» атты әскери-патриоттық сайыс сабағына** қош келдіңіздер.

2-жүргізуші.1979 жылдың 25 желтоқсанында басталып 1989 жылдың 15 ақпанында аяқталған Ауған соғысы 9 жыл 10 айға созылып, мыңдаған адамның өмірін өзгертіп, қаншама қайғы қасірет әкелгені сөзсіз.
Келген қонақпен таныс болыңыздар.
1. Ауған соғысының ардагері, Ауданның құрметті азаматы, запастағы майор Сатпаев Қылыш
2. Ауған соғысының ардагері Сайтмұратов Бек
3. Ауған соғысының ардагері_____
4. Ауған соғысының ардагері_____
_____
5.Тәжік – Ауған қақтығысының ардагері Қосаев Дандібай Өсерханұлы
6. Тәжік – Ауған қақтығысының ардагері Шералиев Асқар
7.10216-Е әскери бөлім командирінің тәрбие және идеологиялық жұмыстары жөніндегі орынбасары аға лейтенант Болатбек Айбар Айдынбекович
8. Арнасай шекара бөлімшесінің бастығы капитан Қарткұжақ Нұрлан

Scanned with CamScanner

«Шардара» мектеп-лицей директоры: Құлмаханбет Лаззат Өмірәлікызына сөз беріледі. _____

(Фанфар)

1-жүргізуші (_____): Қош келдіңіздер, қадірлі де құрметті, ардақты да аяулы ұстаздар, келген қонақтар, оқушылар!!! Тәуелсіз Қазақстан елінің тарихы – Отаншылдықтың, ерліктің, елдіктің не екенін дәлелдейтін, тамыры терең бай тарих. Егемен еліміздің ертеңін нұрлы етер «барыс» текті намысты ұрпақ бойында ұлттық сана көрініс тапса, ақыл ойы мен жүрегінде туған жері мен еліне деген сүйіспеншілік орын тепсе, бұл Тәуелсіз Қазақстанның қалыпты дамуы, әлемдегі ең беделді мемлекеттер қатарына ұмтылу жолындағы нәтижелі көрінісі болып саналатыны анық.

2-жүргізуші (_____):

Уа, халайық, халайық,
Мұнда назар салайық,
Ата жолын жалғамақ,
Ел намысын қорғамақ
Ұлдар, қыздар шықсын ортаға,
Бүгін Ұлан боп атанбақ!!!

Би: Орындайтын 7 «Б» сынып оқушылары: «Шабандоз» биі
1-жүргізуші (_____): Олай болса, ортаға қатысушы топтарды шақырайық, әдет-ғұрып төңірегіндегі біліктілік, ақыл парасат, өнер-жігерлік пен батырлық сайысында күш сынасып тапқырлық көрсететін топтар:

(Фанфар)
Жақсы оқиды, өнері бар талапты,
Бұл мектепті өздері қалап таңдапты.
Шындық үшін шырылдайды ұлтжанды
Шақырайық ортамызға -
тобының ұландарын, I - взвод командирі – _____!!!

2-жүргізуші (_____):

Спортпенен білім жағын бір қосқан,
Кем қалмаған талантпенен табысқан
Алдарыңызда өздері палуан, күрескер
тобының ұландары, II - взвод командирі – _____!!!

1-жүргізуші (_____):
Достық пен татулықты тәжім еткен
Өзінің тапқырлығын аңыз еткен
Арлан қырандарын қарсы алайық
Дуылдатып көркі етсін бұл жарысты! III-взвод командирі –
_____!!!

2-жүргізуші (_____):

Scanned with CamScanner

Біледі олар жақсы менен жаманды
Өнерімен тамсандырған талайды
Талай қызық пародияларды ойнаған
Ортамызға шақырайық _____ нағыз жігіттерін – IV бөлімше командирі _____!

1-жүргізуші (_____): Рахмет, құрметті ойыншылар, бүгінгі сайыста сіздерге үлкен сәттілік тілейміз! Ал енді әділ баға беретін әділ қазылар алқаларымен таныс болыңыздар:

1. Бас төреші- майор Сатпаев Қылыш

2-жүргізуші (_____):

2.«Шардара» мектеп – лицейінің директоры Құлмаханбет Лаззат Өмірәліқызы

3. Директордың бейіндік оқу ісі жөніндегі орынбасары Қалшабеков Сембай Лесбайұлы

4. Тәжік – Ауған қақтығысының ардагері Қосаев Дандібай Өсерханұлы

5.

1-жүргізуші (_____): «Ұл бала мен ер жігіт» тәрбиесі сұрауын халқымыздың әдет-ғұрпында, отбасына ұл баланың келуін «Ұл туғанға күн туған» деп ерекше оны бақыт санаған. Оның себебі қазақта отбасының жалғасы, шаңырақтың иесі ұл бала болып есептелген. Халқымыз ұл бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөлген. Оны мал бағуға, аң аулауға, мылтық атуға, отбасын асырауға әкелері үйреткен. Ал енді сайысымыздың кезеңдерімен таныстырып кетсек:

1-жүргізуші (_____):1) «Кедергілерден өту»
1-жүргізуші (_____):2) «Эстафеталық ойын қайталап, кері жүгіру»
1-жүргізуші (_____):3)Ак-74 автоматын уақытқа шашып-жинау
1-жүргізуші (_____):4) «Арқан тартыс ойыны — ұлттық ойын.»

2-жүргізуші (_____): Ал енді құрметті ойыншылар өз орындарыңызды ала отырып сайысымызға дайындала берулеріңізді сұраймыз!

Ереуіл атқа ер салмай
Егеулі найза қолға алмай
Еңку-еңку жер шалмай
Ерлердің ісі бітер ме?

- деп Махамбет батыр жырлағандай I кезеңімізді бастайық! «Кедергілерден өту» сайысы!

1-жүргізуші (_____): Ал енді ортаға сайыскерлерді шақырамыз! Ескерту: кедергілерден өтіп, допты торға енгізу, қайта сапқа тұру.

2-жүргізуші (_____):

Ұлым!
Сен жігіт болсаң кең тұлғалы
Алдыңда белгілі көп жол тұрмағы
Сан шыңға шыдай біл,
Тек төзе көрме
Жала сөз айтса біреу ел туралы!

Scanned with CamScanner

2-жүргізуші (_____): «Эстафеталық ойын қайталап, кері жүгіру»
2-жүргізуші (_____): Енді ортаға III бөлімше мен IV бөлімшерді шақырамыз!
1-жүргізуші (_____): Патриоттық ән! Қол соғып қошеметтеп отырыңыздар!!! Орындайтын: 5 «Б» сынып оқушысы Тәнірберген Дидар «Бабалар» әні
2-жүргізуші (_____): «Еңбек ширатады, өмір үйретеді» демекші 3 кезең Ак-74 автоматын уақытқа шашып-жинау сайысы!
2-жүргізуші (_____): Ак-74 автоматын уақытқа шашып-жинау. Әр топтан бір ұл, бір қыз оқушыдан ортаға шығады, пәрмен берілісімен іске кіріседі. Ескерту: Жіберген әр қатеге 3 секунд уақыттан қосылады.

1-жүргізуші (_____): Ортаға 1 мен 2 взводтары шақырылады!
1-жүргізуші (_____): «Арқан тартыс ойыны — ұлттық ойын.» келесі 4 кезең. Әр топтан таңдаулылар, арқан тартысады.

2-жүргізуші (_____):

Би өнерін,
Енді біз байқап көрейік.
Жүйрік аттай желейік,
Дала биіне кезек берейік!

Орындайтын: 5 «В» сынып қыздары «Қамажай» биі

1-жүргізуші (_____):

= Жарыстың қорытындысын шығару және жеңген командаларды құттықтау =

Демеңіздер біз өнерді аяп қалды
Мезгіл де біраз жерге таяп қалды
Егер де сіздер рұқсат етсеңіздер
Осыменен сайысымыз аяқталды.

2-жүргізуші (_____):Құрметті ардагерлер! Мерекелеріңіз құтты болсын. Қатарларыңыз сиремей, елдің рухын көтеріп, жылдан жылға, аман есен жүре беріңіздер демекпіз. Хош, сау болыңыздар!!!

Scanned with CamScanner

Бағалау парағы

Топ атаулары:	1.тапсырма «Кедергіден өту»	2.тапсырма «Эстафеьалық ойын қайталап, кері жүгіру»	3.тапсырма АК – 74автоматын уақытқа шашып - жинау	4.тапсырма «Арқан тартыс ойыны»	Қорытынды:
Жеба					
Чорный дельфин					
Бөрі					
Бүркіт					

Б Бақыт.

«Шардара» мектеп-лицейінде «Мен болашақ Отан қорғаушымын» атты әскери –патриоттық сайыс іс-шарасына

Анықтама

Мектеп- лицейімізде «Мен болашақ Отан қорғаушымын» атты әскери –патриоттық сайыс сабағы өткізілді. Сайыс 10 сыныптар арасында 5 команда қатысты. Сайыс 5 кезеңнен тұрды: Таныстыру, Кедергілерден өту, Эстафеталық ойын қайталап кері жүгіру, Ак-74 автматын шашып-жинау, Ұлттық ойын арқан тартысы

Сайысқа ауданнан келген қонақтар:

Ауған соғысының ардагері, запастағы майор Қ.Сатпаев,
Ауған соғысының ардагері Б. Сайтмұратов
Тәжік-Ауған қақтығысының ардагерлері А.Шералиев, Д.Қосаев
Арнасай шекара бөлімшесінің бастығы капитан Н.Қарткұжық

Сайыс сабағы қызықты және тартысты өтті.Мерекелік концертке ұласты. Жеңіске жеткен және қатысқан командаларға алғыс хаттармен марапатталды. Келген қонақтар тілек айтып, жақсы көңіл-күймен әсер алып қайтты.

Scanned with CamScanner

Түркістан облысы
Шардара қаласы
«Шардара» мектеп-лицейі

«Бекітемін»
мектеп-лицей директоры: Л.Ө.Құлмаханбет

Тақырыбы:

«Ана –өмір шуағы »

атты концерттік бағдарлама

Дайындағандар: 5 сынып жетекшілері

Scanned with CamScanner

8 наурыз мерекесіне арналған сценарий

Өтетін күні: 04.03.2026ж

Уақыты: 12:00

Орны: Акт зал

1 - жүргізуші: Гүлсезім

Біз ғана емес, қадір тұтқан бабалар.
Аналардан туған небір даналар.
Ана деген тіршіліктің тірегі,
Армысыздар, қасиетті аналар!

Қайырлы күн, қымбатты ұстаздар, аналар, арулар! Көңілдеріңізге көктем шуағындай сезім мен нұр құйып, тағы да 8 наурыз халықаралық әйелдер күні келді. Осынау көркем мерекенің қай кезде де орны бөлек. Олай болатыны, аналарға деген ыстық сезім, алғыс пен құрмет ешқашан сөнбек емес. Олар – өмірдің гүлі, көңілдің жыры, әр отбасының алтын діңгегі. Мынау тынымсыз тіршілік пен кең дүниенің өзі тек аналармен ажарлы. Бүгінгі арайлап атқан нұрлы таңмен бірге әрбір сәби жүрегі өзің деп соқса, бүгінгі мерекелік кешімізді ашық деп жариялаймын! Қош келіпсіздер!

2 - жүргізуші: Айару
Десек те уақытпенен жарыспайды,
Қияға қиялменен қарыштайды.
Шәкірттер шын жүректен тебіреніп
Өнерлерін анаға бағыштайды, - дей келе ортаға 5Г сынып оқушылары Қалжигитова Айару мен Сагидуллина Гүлсезімнің сіздерге арналған **Мама** әнін қабыл алыңыздар.

1 - жүргізуші:
Ақ тілекті ағытып бір тастайық,
Аналардың мерекесін бастайық.
Көздеріңнен көрем шаттық арайын,
Өтсін солай әрбір күнің, әр айың, – дей келе құттықтау сөз кезегі мектеп-лицей директоры Ләззат Өмірәліқызына және тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Есенбаева Әлия мен Ахатова Гүлнұр апайларымызға

Scanned with CamScanner

беріледі.

2 - жүргізуші:
Көңілің Алатаудың ақ қарындай,
Мейірімің күннің шуақ шақтарындай.
Қалайша аяулы ана тына алармын,
Ән болып сағыныштан ақтарылмай, - деп абзал аналарымыз бен қырмызы қыздарымыздың құрметіне **5 Д сынып оқушыларының Қазақ аруы** бөін **қабыл алыңыздар!**

1 - жүргізуші:
Әлемдегі ең ақылды, дана боп,
Нұрын шашар жақсыларға пана боп.
Кім - кім болсын сені алақанында,
Мейірлене ешкім сүймес ана боп

5 Б сынып оқушылары

Тұңғышбе Нурикамал мен Бейімбет Жаннұрдың

орындауында Мама әнін қабыл алыңыздар

2 - жүргізуші:

Алақаны жылылықтан балқыған,
Бір күлкісі бар әлемді шарпыған.
Бұл сезімге ие болған барша жұрт,
Әрқашан да мол байлықта шалқыған, – дей отырып ұл - қыздарыңыздың өнерлерін қабыл алыңыздар!

Өлең жолдары /тақпақтар/ 5 сынып оқушылары

1 - жүргізуші:
Теңіздей тербетіліп көл бетінде,
Бишілер билеп кетті тербетіле.
Аққудай қалықтаған теңіздегі,
Бишілер өнерлерін көрсетуде, - дей отырып келесі кезекті мың бұралған бишілерге береміз.

5 А Сынып оқушыларының Мереке биші тобын ортаға шақырамыз

Scanned with CamScanner

2 - жүргізуші:
Ана деген - бастауы ұлылықтың
Ана деген - рәмізі сұлулықтың
Ана деген - бір жыр бар шырқалатын
Асқақтатар биікке ұрпақ атын
Олай болса қарсы алайық
Дауысына сүйсініп тамсанайық

Ән: **5 Ә** сынып оқушысы **Бахыталды Аянаның « Ана»** әнін қабыл алыңыздар

1 - жүргізуші:
Әркімнің де өмірден аласы бар,
Аласы бар адамның анасы бар.
Мерекесін құттықтап аналардың,
Өнерлерін жолдайтын апалардың баласы бар деп

Оңғар Айым Сапар Аяна және 5 Г сынып оқушыларының сіздерге арналған әнін қабыл алыңыздар

2 - жүргізуші:
Ару - Ана өмірдің асылдары,
Жайнасын көңілімнің жасыл бағы.
Сендер үшін ән мен жыр шырқалуда,
Сендер үшін мереке шашулары, - дей отырып тамаша би **5Д сынып оқушыларының Шабыт би тобының Гүлденген Үндістан биін қабыл алыңыздар**

1-жүргізуші:
«Бала, бала, бала» деп,
Бізді өсірген анашым.
Гүлге толып, құшағың,
Бақытты бол, анашым. **5 В сынып оқушысы Айарудың орындауында Анашым әнін қабыл алыңыздар**

2 - жүргізуші:
Қамымды ойлар күн - түні,
Анам - менің көктемім.
Ақтай алсам үмітін,
Арманыма жеткенім, – дей отырып **5Г сынып оқушысы Сейдахмет Ернардың монологын қабыл алыңыздар!**

Scanned with CamScanner

1 - жүргізуші:
Күнінде гүл көктемнің нұрын шашып,
Жасқанбай әр қадамын нық - нық басып,
Әнііменен көрерменді тәнті ететін
Әнші келді міне толқып, тасып. Ортада **5 А сынып Мамау әні орындайтын Таңсықбай Абзал** қарсы алыңыздар!

2 - жүргізуші:

Ана – барлық қиындықты жеңетін сарқылмайтын күш, тіршіліктің қайнар бұлағы. қазақ әйелінің дастарханы тоқ, қонағы ырза, дүниесі түгел. Олар үшін бірінші орында отбасының берекесі тұрады. Бөбегін бесікке бөлеп, әлдилеп аялаған ана бақыт құшағында емес пе?!
Ән 5 Д Қызғалдақ тобының "Анаңда сүйсен менше сүй" әнін қабыл алыңыздар

1 - жүргізуші:

Жанұяның жылуын суытпай, тал бесікті тербей отырып, тебірене толғар бесік жыры арқылы аңыз ертегілері мен жақұт жырлары арқылы ұрпағының бойына адамдық қасиеттерді дарытып отырған аналардың құдіретті сезімдеріне арналған әсем биді қабыл алыңыздар. **5 Г сынып Айс крим Биші қыздары**

2 - жүргізуші:
Барша ана, құтты болсын мерекеңіз
Әрқашанда ана сізбен берекеміз.
Ақтасақ ақ сүтіңді, асыл анам.
Сонда біз кісілікке теңесеміз, – деп келесі кезекті **5 А сынып оқушысы** Хамит Айшаттың орындауындағы әнді қабыл алыңыздар

1 - жүргізуші:
Аяулысың, ауылымның асылдары,
Жайнасын көңілдердің жасыл бағы.
Сендер үшін ән менен күй, өлең мен би,
Сендер үшін мереке шашулары,- деп алдарыңызда **5 Б сынып оқушыларының** Заманауй биішілері

2 - жүргізуші:
Көңілің Алатаудың ақ қарындай,
Мейірімің күннің шуақ шақтарындай.

Scanned with CamScanner

Қалайша аяулы ана тына алармын
Ән болып сағыныштан ақтарылмай,- деп абзал аналарымыз бен ардақты ұстаздарымызға арнап 5 А сыныбының **Ұстазым** әні.

1 - жүргізуші:
Кең кеудеңе гүл болып тағыламын,
Жұлдызындай көгінде жағыламын.
Алыс кетсем аңсаймын сағынамын,
Анам мепің, асылым, лагыл әнім. Алдарыңызға биші қыздарыңыз

5 Д"Самарқан арулары" би тобының "Нә дәрдім" өзбек би

2-ші жүргізуші

Ана деген – тіршіліктің тірегі ғой,
Махаббаты мәңгі сөнбес жүрегі ғой.
Бар әлемнің жылуы да тең келмейді,
Ана деген бір өзіңнің жүрегіңе ғой. **5 Г сынып оқушысы Серікбай Айбикенің** орындауында әнді қабыл алыңыздар

1 - жүргізуші:

Қайран ана, өз перзентін әдемі не ұсқынсыз, ақылды не ақымақ, мейірімді не рақымсыз, кесір - қырсық болса да бәрібір шексіз сүйеді. Дүниеде ананың көз жасынан салмақты, одан ауыр таразы басын басатын ештеңе жоқ. Өйткені ананың көз жасы өзінің киесімен ауыр. **5 В сынып қыздарының биін қарсы алыңыздар**

2 - жүргізуші:

Ана баланы тоғыз ай көтеріп, толғатып, дүниеге келтіріп қана қоймайды, оны көзінің қарашығындай қорғап, аялап өсіріп аяғынан тік тұрғызады. Өмір есігін жаңа ашқан баланың бойына елінің рухын сіңіретін, жылуын тарататын ана. Ана баланың амандығын, бақытты, абыройлы болуын тілейді. Бойымыздағы ең жақсы қасиеттер бізге алдымен анадан тарайды. Ендеше, анамызды сыйлап, құрметтейікші! Осымен бүгінгі «**Ана –өмір шуағы.** » атты мерекелік кешіміз аяқталды. Көңіл қойып тамашалағандарыңызға көп - көп рахмет! Келесі кездескенше аман – сау болыңыздар! 8 наурыз құтты болсын! Тағы да мерекелеріңізбен!


Scanned with CamScanner

Түркістан облысы

Шардара қаласы

«Шардара» мектеп-лицейі коммуналдық мемлекеттік мекемесі

«Наурыз - жаңару мен жаңғырудың мерекесі»



2025-2026 оқу жылы

Scanned with CamScanner

«Наурыз –жаңару мен жаңғырудың мерекесі!»

Мақсаты: «Наурыз» мейрамы туралы түсінік беру арқылы қазақ халқының салт – дәстүрін көрсету және оны құрметтей білуге тәрбиелеу.: Наурыз мерекесінің қазақ даласындағы орны, наурыз мерекесі туралы түсінік беру, Наурыз мерекесін ұлттық салт – дәстүрімізбен, әдет-ғұрпымызбен байланыстыра насихаттап, ұрпақтардың өз ұлтына деген сүйіспеншілігін арттыру.
Тілектер: «Ұлық бақты болсын, төрт түлік ақты болсын», «Дастарқан берекелі болсын!», «Жыл басы Наурыз, Мол болсын дәм тұз!» Әуен ойналып тұрады.

1 – жүргізуші: Құрметті ұстаздар, ата – аналар, қонақтар. Бәріміздің көптен күткен Наурыз мерекесі келіп қалды. Мерекелеріңіз құтты болсын!
Наурыз «жаңа күн» деген сөз. Яғни бұл күн біздің ата – бабаларымыз, арғы тегіміз, мыңдаған жылдардан бері мерекелеп келе жатқан жыл басы мерекесі. Наурыз тойы құтты болсын!
Ұлыстың ұлы күні аталған Наурызда еңбектеріңіз өнімді болып, тілектеріңіз қабыл болсын!
2 – жүргізуші: Наурызым қайта оралды аты аңыз,
Сұраймыз алғыс та біз, ақы да біз.
Үй – дастархан, даламыз сахнамыз,
Ұлы мейрам Наурызға шақырамыз!

1 – жүргізуші: Көктем жетті көл – көсір шуақ құрып,
Қыс та ұзап барады жылап тұрып.
Шатырында үйлердің Наурыз да жүр,
Мұз көрпесін ақпанның лақтырып.
2 – жүргізуші: Қайырлы күн, мейрамға жиналған барша қауым. Бүгінгі Ұлыстың ұлы күні – ата – баба сөзімен айтқанда ақ түйенің қарны жарылған күн. Наурыз мейрамы – бұл көктем мен еңбектің мерекесі, күн мен түн теңесетін күн. Бұл мейрам 22 наурыздан 19 сәуірге дейін тойланатын ұзақ мейрам. Көктем мен Жаңа күн мерекесі.
Олай болса, бүгінгі **«Наурыз –жаңару мен жаңғырудың мерекесі!»** атты мерекелік думанымызды ашып беру үшін сөз кезегі мектебіміздің директоры Лаззат Өмірәліқызына беріледі.
1-жүргізуші:
Қашанда Құт – береке орнасын деп,
Тойларда шашу шашу – салты елімнің.
Ұя, балайын, теріп ал тәттілерді,
Қабыл қылсын халқымның ақ тілеуін.
2- жүргізуші:
Шашу, шашу көп шашайық шашуды
Жауғандай көк аспаннан нөсер жаңбыр.

Scanned with CamScanner

Ризығың бола берсін көл – көсір! ШАШУ ШАШЫЛАДЫ.
1 – жүргізуші:
Алқа – жұртым, той – думан,
Ортамызда ашайық.
Ән мен күйді төгіп біз,
Інжу маржан шашайық!
Ән «Наурыз көктем». Орындайтын Кадирбек Айгерим
2 – жүргізуші:
Наурыз мейрам жүректерге нұр сепкен,
Мандайымнан сүйіп жатыр күн көктем.
Жарығыңмен, шуағыңмен Күн – Ана,
Алып келдің жер бетіне гүл көктем.
1 – жүргізуші: Жыр сыйлайық, нұр сыйлайық тірлікке,
Қастерледік қадіріңді білдік де.
Құтты болсын ұлыс күн жұмылдырған,
Барімізді ынтымақ пен бірлікке.

2-жүргізуші:– Әй, ағайын, ағайын!
Той деп жар салайын,
Наурыз тойға келіңдер,
Мен де бірге барайын!
– Ағайын тойға келіңдер,
Мерекені көріңдер.

1 – жүргізуші: Наурызда әндер шырқайық,
Өнер жаска лайық.
Өлеңдеткен жастардың,
Әсем әнін тыңдайық!
Ән: «Мерекем» орындайтын Жақсыбай Ақжүніс
2 – жүргізуші: Жыл басы Наурыз кел төрлет,
Ел достығын өркендет.
Мол болсын ырыс, құт,
Болсын елде тыныштық.
1 – жүргізуші: Әр күніміз жақсы болсын,
Достығымыз берік болсын.
Білім – өнер серік болсын,
Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын.

2 – жүргізуші: Ана деген адамға Атамекен,
Әр адам анаменен адам екен
Бір өзіңе көрсеткен жақсылығым,
Бір күнгі тәтті ұйқыдан садаға екен,- дей келе келесі кезекті әсем әнге береміз.
Ән: «Ана» орындайтын Бауыржан Ақсұлу

Scanned with CamScanner

1 – жүргізуші: Жай далаға алаша,
Наурыз келді тамаша.
Ағайлар мен апайлар,
Қуанып жүр балаша –
2 – жүргізуші: Күй де шертіп, ән салып,
Наурыз тойды қарсы алып.
Болсын дейміз шаттық мол,
Бейсен апай ән салып – дей келе келесі салт- дәстүріміз «Тұсау кесер» тамашалаңыздар.
1 – жүргізуші: – Мол, мол болсын ырыс құт,
Жасай берсін туыстық.
Дейді атам,- салтанат,
Құра берсін тыныштық.
2 – жүргізуші: Қонақтарымыз ағылсын,
Ортамыздан табылсын.
Барлық тілек құдайдың,
Құлағына шалынсын!
1 – жүргізуші: Наурыз шаттық әніміз,
Салтанатты сәніміз.
Ән салып жас – кәріміз,
Ән салайық бәріміз
2- жүргізуші:
Келіңдер, Наурыз тойға бәрің бүгін,
Аямай өнерпаздар ән мен жырын.
Тойлайық халық тойын Наурызымның,
Шуағын я ерге төккен бақыт күнін.

1- жүргізуші:
Келіңдер, Наурыз күнін қарсы алайық,
Билейік, жыр жырлайық ән салайық.
Қаһарлы қыстан өтіп Наурыз келді,
Аркаңды кенге созшы, уа халайық!
«Ұлттық ойындар»
2- жүргізуші:
Қанекей, қарсы алайық жылдың басын,
Қосылып жаска жасың, басқа басың.
Барайық келер жылға төрт көз түгел,
Аман боп алыс, жақын, кәрі – жасың.

1- жүргізуші:
Ұлыс күні қазан толса,
Ол жылы ақ мол болар,
Ұлы кісіден бата алса,
Сонда олжалы жол болар.

Scanned with CamScanner

-- деп бүгінгі тойға үлкендерден бата сұрайық.

«Бата беру»

2- жүргізуші:

Білесіңдер ме? Наурыз тойының өзіне тән үлкен ырым асы – Наурыз көже. Наурыз көже жеті түрлі дәмді астың құрамынан жасалады. Оның мәні жаңа жылда тойымшылық, молшылық, татымды өмір болсын деген ырымды, тілекті паш етеді. Наурыз тойындағы тағамдарда көбінесе ақ тамақ басым болады. өйткені бұл кезде төрт түлік төлдеп, ақ молайған кез.

1- жүргізуші:

Ата салтын бабамның,
Алып келді ұлыс күн.
Бір анадан туғандай,
Бір ұядан ұшқандай.
Бір аспанның астында,
Бір дастархан басында.
Береке – бірлік болсын деп,
Көп көжеден дәм татып,
Күшейтейік бірлікті.

2- жүргізуші: Барлықтарыңыздың наурыз көжеден дәм татуға шақырамыз! Мереке құтты болсын!

Scanned with CamScanner

Түркістан облысы
Шардара қаласы
«Шардара» мектеп-лицейі

«Бекітемін»
Мектеп-лицей директоры:
_____ Л.Ө. Қалмұханбет





Тақырыбы:

«Ұлыларға тағзым»

мерекелік іс-шараның сценарийі

Дайындаған: *А.Базарбаева*
А.Сманова

2025-2026 оқу жылы

Scanned with CamScanner

Тақырыбы: Ұлыларға тағзым

- **Тарихи маңызы:** 1992 жылы 7 мамырда тәуелсіз Қазақстанның әскери тәуелсіздігінің бастамасы ретінде Қарулы Күштер құрылды.
- **Құрмет:** Елдің тыныштығын, қауіпсіздігін сақтайтын әскери қызметкерлер мен барша ер азаматтарды құрметтеу.

Патриотизм: Отанға деген адалдық, ерлік пен батырлықты дәріптеу.

1-жүргізуші: Кайырлы күн құрметті ұстаздар мен оқушылар! Көңілдеріңізге көктем шуағындай сезім мен нұр құйып, 7 мамыр – Отан қорғаушылар мерекесі де келіп жетті. Осынау айтулы мерекенің қай кезде де орны бөлек. Олай болатыны, абзал азаматтарымызға деген ыстық сезім, алғыс пен құрмет ешқашан сөнбек емес. Олар - өмірдің мәні, көңілдің жыры, әр отбасының алтын қазығы. Ендеше бүгінгі мерекелік іс-шарамыз өздеріңізге арналады.

2-жүргізуші:

Жүрекке адалдықтың ескен гүлін
Ғажайып келешектің төккен үнін
Ардақты ағаларға шын көңілден
Жолдаймыз алғыс пенен сәлем бүгін.

1-жүргізуші:

Құрметті азаматтар, біздің мектептің ұстаздары, жігіттер! Сіздерді 7 мамыр - Отан қорғаушылар күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз!
Отанға адал, елге қайырымды, отбасына мейірімді болыңыздар. Жүректеріңіз ұтай лаулап, жандарыңыз әрдайым жас болсын. Қайратты, мақсатты болыңыздар. Еңбекте табыс, тілейміз – дей келе құттықтау сөз кезегін мектеп-лицей директоры Л.Ө.Құлмаханбетке береміз.

2-жүргізуші:

Мың бұралып билеген
Аруды кім сүймеген.
Күміс көмей аруларға
Кімдер басын имеген - дей отырып келесі кезекті би: «Шаттық би» орындайтын 6 «Б» сынып қыздары қабыл алыңыздар.

1-жүргізуші:

Біздің тәуелсіздігіміз бен тұтастығымызды, тыныштығымыз бен бейбіт тірлігімізді қас қақпай күзетіп тұрған, халқымызға қорған болған ұлттық әскеріміздің айбыны арта берсін!

Жете бер аңсап күткен тілегіңе,
Қылаудай дақ түспесін жүрегіңе.
Отанның, ел - жұртының мақтаны бол,

Scanned with CamScanner

Тақырыбы: Ұлыларға тағзым

- **Тарихи маңызы:** 1992 жылы 7 мамырда тәуелсіз Қазақстанның әскери тәуелсіздігінің бастамасы ретінде Қарулы Күштер құрылды.
- **Құрмет:** Елдің тыныштығын, қауіпсіздігін сақтайтын әскери қызметкерлер мен барша ер азаматтарды құрметтеу.
  Патриотизм: Отанға деген адалдық, ерлік пен батырлықты дәріптеу.

1-жүргізуші: Кайырлы күн құрметті ұстаздар мен оқушылар! Көңілдеріңізге көктем шуағындай сезім мен нұр құйып, 7 мамыр – Отан қорғаушылар мерекесі де келіп жетті. Осынау айтулы мерекенің қай кезде де орны бөлек. Олай болатыны, абзал азаматтарымызға деген ыстық сезім, алғыс пен құрмет ешқашан сөнбек емес. Олар - өмірдің мәні, көңілдің жыры, әр отбасының алтын қазығы. Ендеше бүгінгі мерекелік іс-шарамыз өздеріңізге арналады.

2-жүргізуші:
Жүрекке адалдықтың ескен гүлін
Ғажайып келешектің төккен үнін
Ардақты ағаларға шын көңілден
Жолдаймыз алғыс пенен сәлем бүгін.

1-жүргізуші:
Құрметті азаматтар, біздің мектептің ұстаздары, жігіттер! Сіздерді 7 мамыр - Отан қорғаушылар күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз!
Отанға адал, елге қайырымды, отбасына мейірімді болыңыздар. Жүректеріңіз оттай лаулап, жандарыңыз әрдайым жас болсын. Қайратты, мақсатты болыңыздар. Еңбекте табыс, тілейміз – дей келе құттықтау сөз кезегін мектеп-лицей директоры Л.Ө.Құлмаханбетке береміз.

2-жүргізуші:
Мың бұралып билеген
Аруды кім сүймеген.
Күміс көмей аруларға
Кімдер басын имеген - дей отырып келесі кезекті би: «Шаттық би» орындайтын 6 «Б» сынып қыздары қабыл алыңыздар.

1-жүргізуші:

Біздің тәуелсіздігіміз бен тұтастығымызды, тыныштығымыз бен бейбіт тірлігімізді қас қақпай күзетіп тұрған, халқымызға қорған болған ұлттық әскеріміздің айбыны арта берсін!
Жете бер аңсап күткен тілегіңе,
Қылаудай дақ түспесін жүрегіңе.
Отанның, ел - жұртының мақтаны бол,

Scanned with CamScanner

Алды бол қатарыңның бұл өмірде, - деп барша жігіттер қауымын шын жүректен құттықтаймыз!

2-жүргізуші:
Мектеп – кеме, ес білімнің ескегін,
Әнге толсын, күйге толсын кештерің,
Шын жүректен бақыт тілеп сарқылмас,
Қол соғады барша қауым сіздердің құрметтеріңізге 8 «Б» сынып жігіттері «Туған жер» әнін жолдайды. Қабыл алыңыздар!

1-жүргізуші:
Қалыбың адамдықтың бір бұзбадың,
Ұяңнан түлеп ұшты ұл - қыздарың.
Өзіңнен өркен жайып, өнеге алған,
Тілейді сізге бақыт жұлдыздарың, - дегендей, мерейлі мерекелеріңіз құтты болсын!
Аға ұрпақ пен жас буынның Отанымызды қорғап, қызметте айтулы үлес қосқанын біз әрқашанда мақтан тұтамыз. Еліміздің өркендеуі жолында атқарып жатқан игі қызметтеріңізге табыс, отбасыларыңызға амандық, дендеріңізге саулық, мол бақыт және бейбіт ғұмыр тілейміз.

2-жүргізуші:
Мінезіңнің міні жоқ – майда қоңыр,
Бір жымисаң кетеді жайнап өңір.
Ризамыз пейіліңе дархан аға,
Айырмасын шаттықтан қайран өмір – деп, ер азамат ұстаздарымызды айтулы күндерімен шын көңілден құттықтаймыз!
Күндеріңіз толсын гүлге, желекке,
Отбасында болсын ырыс - береке
Құттықтаймыз шын жүректен Сіздерді
Өмір думан, бақ әкелсін мереке.- деп жас шәкірттеріңіз «Арнау» күйін тарту етеді. Қабыл алыңыздар! Жайсанбай Қайсар мен

1-жүргізуші:
Ел - халқына шат - шадыман күлкі мен тыныш өмір сыйлауда әскеріміздің атқарып жатқан қызметтері ұшан - теңіз. Армиямыздың айбынын асқақтататын сардарлар мен сарбаздарымызға қандай құрмет көрсетсек те жарасады. Жігіттерімізге амандық, денсаулық тілейміз. Еңселеріңіз биік, мерейлеріңіз үстем болсын.
Себездеп алтын ара жан - жағыңнан,
Ту тіккен алаулаған арманыңнан.
Кеуденде махаббаттың шоғы маздап,

Scanned with CamScanner

Биіктен биіктерге самға, қыран.- деп ақын ағаларымыз жырлағандай, дархан жігіттерімізге таусылмайтын дәулет, арылмайтын бақыт тілейміз.

2-жүргізуші:
Кешіміз өтіп жатыр салтанатты,
Төгілген күн нұрының шапағаты.
Ортада биші қыздар би билейді,
Халайық қол соғыңыз мархабатты. Алдарыңызда би «Бақыт деген не!».
Ортаға 5 «Ә» сынып оқушылары

1-жүргізуші:

Қымбатты біздің ұстаз - азаматтар! Ғылым иесі ғалым да, ел қорғаған батыр да, тілінен бал тамған ақын да, тегеуріні темір балқытқан жұмысшы да, егін салған дихан да, мал бағып терін төккен шопан да, бәрі - бәрі ұстаздан білім, тәлім алған, сондықтан, ұлағатты ұстаздар, айбынды азаматтар, сіздерге бүкіл адам баласы құрметпен бас иеді.
Ұстаздар жақсылықтың жол ашары,
Қолында шәкіртіңнің болашағы
Өмірді алға қарай өрлететін
Сендер ғой Ұлы Отанның болашағы

2-жүргізуші:
Еліміздің нағыз патриоттарын, еңбекқор, білімге құштар, салт-дәстүріміз бен адамзаттық құндылықтарымызды қастерлейтін жас жеткіншектерді Отансүйгіш ұландарды тәрбиелеу мақсатында Республикалық Бірыңғай «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымы құрылған болатын. Осыған орай мектебімізде үздіктер мен екпінділерін «Жас Қыран» және «Жас Ұлан» ұйымының қатарына қабылдау үшін оқушыларды ортаға шақырамыз.

1-жүргізуші: Бүгінгі жиынның ең жауапты сәті, ант тапсыру рәсімін «Жас Ұлан» ұйымы қатарына қабылданушы оқушыларға береміз.

2-жүргізуші:
Құрметті ұстаздар мен өзін-өзі басқару ұйымының мүшелері сіздерді «Жас Ұлан»ұйымына қабылданған оқушыларға төс белгілерін табыстау рәсіміне шақырамыз.

1-жүргізуші:

Құрметті оқушылар «Жас Ұлан »ұйымына қабылдануларыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Егеменді еліміздің еңселі азаматтары болуларыңызға тілектеспіз.

Scanned with CamScanner

2-жүргізуші:

Құрметті халайық, баршаңызды келе жатқан 9 мамыр – Жеңіс күнімен құттықтаймыз! Бүгінгі мамыражай тыныш өмір аталарымыз қалыптастырған берік бірлік нәтижесінде келді. Ер жігіттің құл болмай, ару қыздың күң атанбай, халықтың бірлікте өмір сүруі нақ солардың арқасында!

- **1-жүргізуші:**
  Бұл мереке әр кезде де батылдық пен ерліктің, қаһармандық пен елдіктің нышаны, Отанға деген сүйіспеншілік пен адалдықтың өлшемі, ал құрметті ардагерлеріміз, болашақ ұрпақтар үшін, егемен еліміздің тәуелсіздігін қоғаушылардың бәрі үшін жарқын үлгі болып қала берері сөзсіз. Ендеше аспанымыз ашық, еліміз тыныш, жұртымыз аман болсын деген тілекпен, **Балжан мен Айзеренің орындауындағы «Катюша» әнін қабыл алыңыздар!**
  Мамырдың мамыражай күндерімен, майда желімен келіп жеткен мерекелеріңіз тағы да құтты болсын, ардақты азаматтар!
  2-жүргізуші:
  Өздеріңізге қонар бақтың баяндысын, бітер дәулеттің көл - көсірлігін, келер ырыстың ысырап болмауын, жүрек гүлінің мәңгі солмауын, шаңырағыңа шаттық орнауын, Тәңірдің шексіз қолдауын тілейміз!

Демеңіз біз өнерді аяп қалды,
Мезгіл де біраз жерге таяп қалды.
Қош болып тұрыңыздар көріскенше,
Осымен концертіміз аяқталды.
"7 мамыр - Отан қорғаушылар күні құтты болсын! Еліміздің қорғаныс жүйесі бекем, тыныштығымыз тұрақты болсын!".
"Айбынды да ержүрек отан қорғаушыларға мықты денсаулық, табыс тілейміз!".
Сау - саламатта болыңыздар!

Scanned with CamScanner

Түркістан облысы
Шардара қаласы
«Шардара» мектеп-лицейі

«Бекітемін»
Мектеп-лицей директоры:
_____ Л.Ө. Қалмұханбет





Тақырыбы:

«Ұлыларға тағзым»

мерекелік іс-шараның сценарийі

Дайындаған: *А.Базарбаева*
А.Сманова

2025-2026 оқу жылы

Scanned with CamScanner

Тақырыбы: Ұлыларға тағзым

- **Тарихи маңызы:** 1992 жылы 7 мамырда тәуелсіз Қазақстанның әскери тәуелсіздігінің бастамасы ретінде Қарулы Күштер құрылды.
- **Құрмет:** Елдің тыныштығын, қауіпсіздігін сақтайтын әскери қызметкерлер мен барша ер азаматтарды құрметтеу.

Патриотизм: Отанға деген адалдық, ерлік пен батырлықты дәріптеу.

1-жүргізуші: Кайырлы күн құрметті ұстаздар мен оқушылар! Көңілдеріңізге көктем шуағындай сезім мен нұр құйып, 7 мамыр – Отан қорғаушылар мерекесі де келіп жетті. Осынау айтулы мерекенің қай кезде де орны бөлек. Олай болатыны, абзал азаматтарымызға деген ыстық сезім, алғыс пен құрмет ешқашан сөнбек емес. Олар - өмірдің мәні, көңілдің жыры, әр отбасының алтын қазығы. Ендеше бүгінгі мерекелік іс-шарамыз өздеріңізге арналады.

2-жүргізуші:

Жүрекке адалдықтың ескен гүлін
Ғажайып келешектің төккен үнін
Ардақты ағаларға шын көңілден
Жолдаймыз алғыс пенен сәлем бүгін.

1-жүргізуші:

Құрметті азаматтар, біздің мектептің ұстаздары, жігіттер! Сіздерді 7 мамыр - Отан қорғаушылар күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз! Отанға адал, елге қайырымды, отбасына мейірімді болыңыздар. Жүректеріңіз оттай лаулап, жандарыңыз әрдайым жас болсын. Қайратты, мақсатты болыңыздар. Еңбекте табыс, тілейміз – дей келе құттықтау сөз кезегін мектеп-лицей директоры Л.Ө.Құлмаханбетке береміз.

2-жүргізуші:

Мың бұралып билеген
Аруды кім сүймеген.
Күміс көмей аруларға
Кімдер басын имеген - дей отырып келесі кезекті би: «Шаттық би» орындайтын 6 «Б» сынып қыздары қабыл алыңыздар.

1-жүргізуші:

Біздің тәуелсіздігіміз бен тұтастығымызды, тыныштығымыз бен бейбіт тірлігімізді қас қақпай күзетіп тұрған, халқымызға қорған болған ұлттық әскеріміздің айбыны арта берсін!

Жете бер аңсап күткен тілегіңе,
Қылаудай дақ түспесін жүрегіңе.
Отанның, ел - жұртыңның мақтаны бол,

Scanned with CamScanner

Алды бол қатарыңның бұл өмірде, - деп барша жігіттер қауымын шын жүректен құттықтаймыз!

2-жүргізуші:

Мектеп – кеме, ес білімнің ескегін,
Әнге толсын, күйге толсын кештерің,
Шын жүректен бақыт тілеп сарқылмас,
Қол соғады барша қауым сіздердің құрметтеріңізге 8 «Б» сынып жігіттері «Туған жер» әнін жолдайды. Қабыл алыңыздар!

1-жүргізуші:

Қалыбың адамдықтың бір бұзбадың,
Ұяңнан түлеп ұшты ұл - қыздарың.
Өзіңнен өркен жайып, өнеге алған,
Тілейді сізге бақыт жұлдыздарың, - дегендей, мерейлі мерекелеріңіз құтты болсын!

Аға ұрпақ пен жас буынның Отанымызды қорғап, қызметте айтулы үлес қосқанын біз әрқашанда мақтан тұтамыз. Еліміздің өркендеуі жолында атқарып жатқан игі қызметтеріңізге табыс, отбасыларыңызға амандық, дендеріңізге саулық, мол бақыт және бейбіт ғұмыр тілейміз.

2-жүргізуші:

Мінезіңнің міні жоқ – майда қоңыр,
Бір жымисаң кетеді жайнап өңір.
Ризамыз пейіліңе дархан аға,
Айырмасын шаттықтан қайран өмір – деп, ер азамат ұстаздарымызды айтулы күндерімен шын көңілден құттықтаймыз!

Күндеріңіз толсын гүлге, желекке,
Отбасында болсын ырыс - береке
Құттықтаймыз шын жүректен Сіздерді
Өмір думан, бақ әкелсін мереке.- деп жас шәкірттеріңіз «Арнау» күйін тарту етеді. Қабыл алыңыздар! Жайсанбай Байсар мен

1-жүргізуші:

Ел - халқына шат - шадыман күлкі мен тыныш өмір сыйлауда әскеріміздің атқарып жатқан қызметтері ұшан - теңіз. Армиямыздың айбынын асқақтататын сардарлар мен сарбаздарымызға қандай құрмет көрсетсек те жарасады. Жігіттерімізге амандық, денсаулық тілейміз. Еңселеріңіз биік, мерейлеріңіз үстем болсын.

Себездеп алтын ара жан - жағыңнан,
Ту тіккен алаулаған арманыңнан.
Кеудеңде махаббаттың шоғы маздап,

Scanned with CamScanner

Биіктен биіктерге самға, қыран.- деп ақын ағаларымыз жырлағандай, дархан жігіттерімізге таусылмайтын дәулет, арылмайтын бақыт тілейміз.

2-жүргізуші:
Кешіміз өтіп жатыр салтанатты,
Төгілген күн нұрының шапағаты.
Ортада биші қыздар би билейді,
Халайық қол соғыңыз мархабатты. Алдарыңызда би «Бақыт деген не!».
Ортаға 5 «Ә» сынып оқушылары
1-жүргізуші:

Қымбатты біздің ұстаз - азаматтар! Ғылым иесі ғалым да, ел қорғаған батыр да, тілінен бал тамған ақын да, тегеуріні темір балқытқан жұмысшы да, егін салған дихан да, мал бағып терін төккен шопан да, бәрі - бәрі ұстаздан білім, тәлім алған, сондықтан, ұлағатты ұстаздар, айбынды азаматтар, сіздерге бүкіл адам баласы құрметпен бас иеді.
Ұстаздар жақсылықтың жол ашары,
Қолында шәкіртіңнің болашағы
Өмірді алға қарай өрлететін
Сендер ғой Ұлы Отанның болашағы
2-жүргізуші:
Еліміздің нағыз патриоттарын, еңбекқор, білімге құштар, салт-дәстүріміз бен адамзаттық құндылықтарымызды қастерлейтін жас жеткіншектерді Отансүйгіш ұландарды тәрбиелеу мақсатында Республикалық Бірыңғай «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымы құрылған болатын. Осыған орай мектебімізде үздіктер мен екпінділерін «Жас Қыран» және «Жас Ұлан» ұйымының қатарына қабылдау үшін оқушыларды ортаға шақырамыз.

1-жүргізуші: Бүгінгі жиынның ең жауапты сәті, ант тапсыру рәсімін «Жас Ұлан» ұйымы қатарына қабылданушы оқушыларға береміз.

2-жүргізуші:
Құрметті ұстаздар мен өзін-өзі басқару ұйымының мүшелері сіздерді «Жас Ұлан»ұйымына қабылданған оқушыларға төс белгілерін табыстау рәсіміне шақырамыз.

1-жүргізуші:

Құрметті оқушылар «Жас Ұлан »ұйымына қабылдануларыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Егеменді еліміздің еңселі азаматтары болуларыңызға тілектеспіз.

Scanned with CamScanner

2-жүргізуші:

Құрметті халайық, баршаңызды келе жатқан 9 мамыр – Жеңіс күнімен құттықтаймыз! Бүгінгі мамыражай тыныш өмір аталарымыз қалыптастырған берік бірлік нәтижесінде келді. Ер жігіттің құл болмай, ару қыздың күң атанбай, халықтың бірлікте өмір сүруі нақ солардың арқасында!

- **1-жүргізуші:**
Бұл мереке әр кезде де батылдық пен ерліктің, қаһармандық пен елдіктің нышаны, Отанға деген сүйіспеншілік пен адалдықтың өлшемі, ал құрметті ардагерлеріміз, болашақ ұрпақтар үшін, егемен еліміздің тәуелсіздігін қоғаушылардың бәрі үшін жарқын үлгі болып қала берері сөзсіз. Ендеше аспанымыз ашық, еліміз тыныш, жұртымыз аман болсын деген тілекпен, **Балжан мен Айзеренің орындауындағы «Катюша» әнін қабыл алыңыздар!**
Мамырдың мамыражай күндерімен, майда желімен келіп жеткен мерекелеріңіз тағы да құтты болсын, ардақты азаматтар!

2-жүргізуші:
Өздеріңізге қонар бақтың баяндысын, бітер дәулеттің көл - көсірлігін, келер ырыстың ысырап болмауын, жүрек гүлінің мәңгі солмауын, шаңырағыңа шаттық орнауын, Тәңірдің шексіз қолдауын тілейміз!

Демеңіз біз өнерді аяп қалды,
Мезгіл де біраз жерге таяп қалды.
Қош болып тұрыңыздар көріскенше,
Осымен концертіміз аяқталды.
"7 мамыр - Отан қорғаушылар күні құтты болсын! Еліміздің қорғаныс жүйесі - бекем, тыныштығымыз тұрақты болсын!".
"Айбынды да ержүрек отан қорғаушыларға мықты денсаулық, табыс тілейміз!".
Сау - саламатта болыңыздар!

Scanned with CamScanner

Түркістан облысы
Шардара қаласы
«Шардара» мектеп-лицейі

Бекітемін
Мектеп-лицей директоры Л.Ө. Құлмаханбет

Ашық тәрбие сағаты

Ұрпаққа ұран болған Ұлы Жеңіс



Өткізген.
6 «В» сынып жетекшісі

Рахмет Г. М.

2025-2026 оқу жылы

Scanned with CamScanner

Жеңіс күніне арналған
«Ұрпаққа ұран болған – Ұлы Жеңіс!» атты кештің сценарийі

1 жүргізуші:
Соғыс өтті жалмап талай өмірді
Қаншама қан еш жазықсыз төгілді
Соғыс аты естілгенде құлақтан
Елестетер қара тажал өлімді
Елестетем қанды кешіп жүргенін
Елестетем ең азапты күндерін
Талай жанды қиды ажал балтасы
Жауды жеңіп қайтты ауылға қаншасы
Ел қорғаған аталардың арқасы

2 жүргізуші: Отан — ана жылағанда шерленіп,
Тапжылмастан шөгеді екен жерге бұлт
Қара бұлтты қақ жарайық деді де,
Қолдарына қару алды ерленіп.
Жеңіс күні адамзат аңсап күткен күн, айбынды күн. Ендеше жеңіс күніне арналған салтанатты жиынды ашық деп жариялаймыз
(Гимн ойналады, ҚР — ның Мемлекеттік туы әкелінеді).

1 жүргізуші: Құрметті ұстаздар мен оқушылар! 9 мамыр Жеңіс күні. Бұл соғысқа қазақ жерінен қара көз қыздарымыз бен ұлдарымызды әкетті. Мөлдір аспанды бұлт қаптады. 1941 жылы 22 маусым фашистік Германия Совет Одағына опасыздықпен шабуыл жасады. Отанымызға қатерлі күн туды. Дүниедегі бейбітшілік бағына сұрапыл соғыс қаһарын төкті. Сонымен фашистік Германия жеңіліп 1945 жылы Совет Одағының жеңісімен аяқталды.

2 жүргізуші
Дәл осынау жадыраңқы жай күні
Болса дағы қай ғасырдың қай жылы.
Ұлы Отаным басым иіп бір минут
Есіне алмақ сол бір апат қайғыны.
Ел дегенде еңіреп туған ерлерді,
Еске алайық бір сәт тұрып үндемей! –
демекші соғыс құрбандарын бір минут еске алайық.

1 жүргізуші: Отанымызды қорғау үшін Совет Одағының патриоттары майданға аттанды. Барлық халық майданға көмектесі. Барлық халық майданға көмектесті. Партизан отрядтары құрылды. «Бәріде майдан үшін» - деген ұран тасталды. Осы қатыгез майданымызға қазақтың қара көз қыздары қатысты. Олар: Мәншүк, Әлия, Зоя.

2 жүргізуші. Қазақстандықтар Брест қамалын қорғады, Мәскеу түбінде де өлімге бастарын тікті. Сталинград, Курск доғасындағы шайқастарда ерекше көзге түсті. Берлинге шабуыл жасады, Рейхстагқа қазақ жігіті **Рақымжан Қошқарбаев**
Жеңіс туын 1945 жылдың 30 сәуірде тікті.

Рақымжан Қошқарбаев туралы көрініс:

Scanned with CamScanner

1 жүргізуші: – Ұлы Отан соғысы қарсаңында Республикамызда 7 Мамыр – Отан қорғаушылар мерекесі еліміздің өмірінде алатын орны өзгеше. Осынау айтулы мерекенің қай кезде де орны бөлек. Ата-бабаларымыздың батырлық істеріне құрмет білдіру күні.Осыған орай Қазақстан Республикасының және де мектебіміздің БАТЫР, ЕРЖҮРЕК, НАМЫСТЫ ҚАЙСАР ер азаматтарын айтулы мерекелерімен құттықтай отырып сіздерге зор денсаулық ,мол бақыт, қажымас қайрат тілейміз. Келесі кезекте ән «Сарбаздар» орындайтын Рысқұл Маруа

~~Монолог оқитын Ергеш Айдын, Бахит Нуриелам~~

2 жүргізуші

Қазақ ақыны Қадыр Мырза Әлінің қанатты сөзі бар..-
«Өге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте»
Сахнаға оқушылар орысша тақпақтарын айтады

Айару
Майский праздник -
День Победы
Отмечает вся страна
Надевают наши деды
Боевые ордена.
Айзат
Мы благодарны им за труд
За подвиг, за победу
За то, что подарили жизнь
Своим внучатам, детям!
Жанеля
Благодарим, солдаты, вас
За жизнь, за детство и весну
За тишину,
За мирный дом,
За мир в котором мы живем!

2 -жүргізуші:
Елге қауіп төнбесін,
Егестен адам өлмесін!
Есен – аман болайық,
Енді соғыс болмасын!
Өртенбесін туған ел!
Шайқалмасын асқар бел!
Шайқалмасын шалқар көл! – ~~Келесі кезекте ән «Сарбаздар» орындайтын Рысқұл Маруа.~~

Монолог оқитын Ергеш және Бахит ну

1 -жүргізуші:
Аз емес зар жылаған,егілген жан,
Аз емес өшкен өмір, төгілген қан.
Кеудеге зілді қасірет салды соғыс,
Қирады талай арман көңілге алған. – Көрініс «Майданнан хат»

2 жүргізуші:
Бұл жылдары жүрегі Отаным деп соққан әр азамат барынша күресе білді. Әрбір азамат өз Отанына деген антын орындап шықты. Олай болса сұрапыл соғыс және елін, жерін қорғаған майдангерлер туралы өлең жолдарын тыңдау үшін оқушыларға сөз берейік!

Монолог Ахет Айару, Тойшы Айзере

Scanned with CamScanner

1-жүргізуші:
Жеңіс деген шат күлкісі баланың,
Тыныштығы жер мен жаһан даланың.
Жеңіс деген сылдыр күлкі, асқақ ән,
Тыныштығың сол Жеңістен басталған,- дегендей Ұлы Отан соғысын жырға қосқан ақындарымыз да кем емес.
Ендеше ортаға қыздарымызды «Катюша» биімен ортаға шақырамыз.

1 жүргізуші:
Батыр ұл есімдері ақталады,
Жыр болып жүректерде сақталады.
Ғасырдан ғасырларға аңыз етіп,
Ұрпағы мәңгі бақи мақтанады.
Олай болса сұрапыл соғыс және елін, жерін қорғаған

майдангерлер туралы өлең жолдарын тыңдау үшін оқушыларға сөз берейік!

Айару
Жеңіс күні мәңгілік тарих бола
Әр жыл сайын аталып өтілетін.
Жеміс гүлі тамырылап күйді берер,
Әр жыл сайын мықты боп жетілетін.
Тоғызыншы мамыр бұл, жеңіс күні,
Елестетер сұрапыл шайқастарды.
Желбіреген кез елестер жеңіс туы,
Көз алдына әкеліп жай жапсарды.

Бекзат
Қаншама адам айрылды бұл жанынан,
Отан үшін шайқаста жанын беріп.
Әлия мен Мәншүктер қазақ қызы,
Оққа тосқан кеудесін, тәнін беріп.
Жеңіс күні, жеңіс туы желбіреп,
Жеңіс күні бір қуантар, мұңайтар.
Отан үшін шайқасқан ата-бабалар,
Бізге қарап бұл күндері сыр айтар.

Айкөркем
Отан үшін жанымызды бердік біз,
Аялаңдар отаныңды, еліңді.
Бұл азаттық оңайлықпен келген жоқ,
Дейді олар: «сақта туған жеріңді».
Тоғызыншы мамыр бұл жеңіс күні,
Ардагерлер арқасында жарған бүрі.
Әрбір жылы ықыласпен қарсы аламыз,
Атаулы күн ерекше күннің бірі.

Бақдәулет
Бақытты боп жүргенім Сенің арқаң, Ұлы Отан.
Елім менің – тірегім, Құшағында гүл атам.
Шығысыңнан арайлы, Күліп атқан құба таң.
Сенен бақыт тарайды Баршамызға Ұлы Отан.
Сарқылмайтын қуатым, Тірегімсің сен, Отан.
Мәңгі соғып тұратын Жүрегімсің сен, Отан!

Саруар
Жеңіс күні бар әлемге әйгілі,
Көктем шуақ - 9 май күні.
Айтшы, кәне, біздің жеңіс шеруі,
Кездейсоқ па көктемге сай келуі.
Жасасын Жеңіс! Бақытты елім күле бер!
Тәуелсіз болып болашағына жүре бер!

Scanned with CamScanner

Болмасын соғыс! Болмасын соғыс!
Болмасын! Осы тілекпен барша халайық түрегел!

Али

Жеңіс деген өтеуі жас ғұмырдың,
Жеңіс тойын жақындатып әкелген
Жеңіс деген жақсылықтың сыңары,
Күрескердің арманы мен ұраны,
Жеңіс деген шат күлкісі баланың,
Жеңіс деген сылдыр күлкі, асқақ ән,
Жеңіс деген бейбіт күнім, бүгінім.
Төккен қаны, әке - аға, інінің.
Жігер менен құштарлықтың құралы.
Қуаныш пен мерекенің бұлағы.
Тыныштығы жер мен жаһан даланың.
Тыныштығың сол Жеңістен басталған.

1 — жүргізуші:
Сен неткен Отан — анам ғажап едің!
Әспеттеп көркем тілмен жазар едім.
Болашақ ұрпағымның бақыты үшін,
Жайнай бер Ұлы Отаным – Қазақ елім! - **Монолог** Ералы Айару, Зулпыхар Аяжан

Мұғалім
Жасасын Жеңіс!
Бақытты елім күле бер!
Тәуелсіз болып болашағына жүре бер!
Болмасын соғыс!
Болмасын соғыс! Болмасын!
Осы тілекпен барша халайық түрегел!

Расул Гамзатовтың «Журавли» әні қорымен орындалады:

Қорытынды Мұғалім

Бүгін – 9 мамыр. Бұл күн – жай ғана күн емес, бұл – тарих, бұл – ерлік, бұл – ұмытылмас тағдыр. Осыдан көп жыл бұрын сұрапыл соғыс басталып, қаншама адамның өмірін қиып кетті. Аналар жылады, балалар жетім қалды, ел қайғыға батты. Бірақ біздің батырларымыз берілмеді. Олар қорықса да алға жүрді, шаршаса да тоқтамады, өз өмірін құрбан етіп, бізге бейбіт өмір сыйлады. Сол ерліктің арқасында біз бүгін алаңсыз күліп жүрміз, ашық аспан астында өмір сүріп жатырмыз. Біз – сол батырлардың ұрпағымыз, олардың үмітіміз. Сондықтан біз олардың ерлігін ешқашан ұмытпауымыз керек. 9 мамыр – бұл қуаныш пен мұң қатар жүретін күн, өйткені бұл жеңіс оңайлықпен келген жоқ. Біз батырларымызға басымызды иіп, алғыс айтамыз және олардың ерлігін мәңгі жүрегімізде сақтаймыз. Ешқашан соғыс болмасын, әрдайым бейбітшілік болсын, аспанымыз ашық болсын! Ұлы Жеңіс күні құтты болсын!

2-жүргізуші: -Осымен 9-мамыр Жеңіс күніне арналған «Ұрпаққа ұран болған –Ұлы Жеңіс!» атты мерекеміз аяқталды. Заманымыз тыныш, аспанымыз ашық болсын!

1 - жүргізуші: Бүгінгі күн – көптен күткен салтанатты күн, зымыраған уақыттың қанатында жеңістің міне 81 - ші көктемі де келіп жетті. Ешкімде, ешнәрсе де ұмытылмақ емес.

2 - жүргізуші: Ұлы Жеңістің 81 жылдығына арналған салтанатты жиынымыз аяқталды.
1 - жүргізуші: Ардагерлерге мың тағзым!
2 - жүргізуші: Жеңістің туы мәңгі желбіресін!
1- жүргізуші: Жер үстінің шуағы тарқамасын!
2 - жүргізуші: Жеңіс тойы мәңгі жасасын!
Мерекелік бейбіт күнде кездескенше аман - сау болыңыздар!

Scanned with CamScanner

Түркістан облысы

Шардара қаласы

«Шардара» мектеп-лицейі коммуналдық мемлекеттік мекемесі

«Заң және тәртіп - қоғам тұрақтылығының негізі»

(дөңгелек үстел)

Дайындаған : А.Базарбаева

2025-2026 оқу жылы

Scanned with CamScanner

ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ ТАҚЫРЫБЫ:

«Заң және тәртіп – қоғам тұрақтылығының негізі»

🎯 Мақсаты:

- Оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру;
- Заң мен тәртіптің қоғамдағы рөлін түсіндіру;
- Әділдік, жауапкершілік, азаматтық ұстаным сияқты құндылықтарды қалыптастыр

🗓 Өткізу форматы:

Дөңгелек үстел (пікірталас, сұрақ-жауап, мысал келтіру, жұптық талқылау).
Уақыты: 45
Қатысушылар: оқушылар, құқық пәнінің мұғалімі, полиция қызметкері (қонақ ретінде)

❇ БАРЫСЫ:

1. Кіріспе бөлім (5 мин.)

Жүргізуші сөзі:

Құрметті қатысушылар! Бүгінгі дөңгелек үстеліміздің тақырыбы – *«Заң және тәртіп».*
Заң – қоғамдағы әділдік пен тәртіптің негізі. Әр азамат заңды біліп, оны сақтауға міндетті.
Осыған орай, бүгін біз заң мен тәртіптің қоғам өміріндегі маңызы туралы ой бөлісеміз.

2. Негізгі бөлім (30 мин.)

Талқыланатын сұрақтар:

1. Заң дегеніміз не?
2. Неліктен әр адам заңды білуі керек?
3. Заң бұзушылықтың түрлері мен салдары қандай?
4. Құқық пен міндеттің айырмашылығы неде?
5. Жастар арасындағы тәртіп бұзушылықты болдырмау үшін не істеу қажет?
6. Әр азаматтың қоғам алдындағы жауапкершілігі қандай?

Мысал ретінде пікірлер:

- *«Тәртіпсіз ел болмайды, тәртіпке бас иген құл болмайды»* (Б. Момышұлы).
- Күнделікті өмірде заңды сақтау – өзіміздің және өзгелердің қауіпсіздігіне кепіл.

Қатысушылар пікірлері мен сұрақ-жауап:
– Оқушылардың ойлары, мысалдар келтіру, құқықтық жағдайлардан мысалдар айту.

Scanned with CamScanner

3. Жұптық жұмыс (10 мин.)

Қатысушылар жұптасып , тапсырма орындайды:

- 1 «Заңды сақтау – азаматтық борыш» тақырыбына постер.
- 2 «Тәртіп бұзушылықтың алдын алу жолдары» тақырыбына ұсыныс дайындау.
- 3 «Мен заңды құрметтеймін, себебі...» ой-толғау.

Жұптасып тапсырма қорғайды.

4. Қорытынды бөлім (10 мин.)

Жүргізуші қорытынды сөзі:

Бүгін біз заң мен тәртіптің қоғамдағы маңызы туралы ой бөлістік.
Заңды сақтау – әр азаматтың міндеті, ал тәртіп – қоғам тұрақтылығының кепілі.
Заңды білейік, сыйлайық және өмірде қолданайық!

Мақал-мәтелдермен түйіндеу:

- «Заң бар жерде әділдік бар.»
- «Тәртіпке бағынған құл болмайды.»

Қорытынды нәтиже:

- Қатысушылардың құқықтық мәдениеті артады;
- Өз құқықтары мен міндеттерін түсінеді;
- Заңға құрметпен қарау дағдысы қалыптасады.

Scanned with CamScanner

Шардара ауданы
Шардара қаласы
«Шардара» мектеп-лицейі

«Бекітемін»
Мектеп-лицей директоры:
_____ Л.Ө.Қалмұханбет

«Абыройлы еңбекпен – құрметті зейнетке»

мерекелік кеші

2025-2026 оқу жылы

Scanned with CamScanner

« Абыройлы еңбекпен- құрметті зейнетке » атты зейнеткерлікке шығарып салу кешінің бағдарламасы!

(Залда баяу патриоттық әуен ойнап тұрады. Экраннан ұстаздың еңбек жолынан фотолар көрсетіледі.)

1-жүргізуші:

Армысыздар құрметті ұстаздар мен қонақтар!

Мектеп-лицейіміздің екі бірдей ардақты ұстаздарымыз, тәртіптің темірқазығына айналған "Алғашқы әскери дайындық" пәнінің керемет мұғалімі, білікті басшы Бейіндік оқу ісі жөніндегі орынабасары Қалшабеков Сембай Лесбайұлы және еңбекқорлық пен жауапкершіліктің үлгісі болған Медетова Құндызай Керімшекызына арналған «Абыройлы еңбекпен-құрметті зейнетке» атты зейнеткерлікке шығу салтанатты жиынға қош келдіңіздер!

2-жүргізуші:

Бұл — бір адамның зейнетке шығуы ғана емес…
Бұл — тұтас бір дәуірмен қоштасу…

1-жүргізуші:

Ұстаз…
Офицер…
Тәртіптің тірегі…
Ұжымның жанашыры…

2-жүргізуші:

Жылдар бойы шәкірт тәрбиелеп,
мектептің абыройын көтеріп,
әріптестеріне тірек болған
ардақты Сембай ағайымыз бен Құндызай апайымызды құрметпен ортаға шақырамыз!

Қуаныңдар, ағайын, тамсаныңдар,
Сүйінішпен маңайға жар салыңдар.
Сембай ағай мен Құндызай апай келеді ортамызға,
Қол соғып қошеметпен қарсы алыңдар!

Scanned with CamScanner

(Бейнематериал)

Еңбегімен ел алдында сыйланған,
Ұстаз десе тартылады сый балдан.
Мерейтоймен құттықтайды қуана,
Мектебіңіз, мына отырған жиналған.

Қазіргі таңға дейін Сембай ағайымыз «Шардара» мектеп-лицейінде жас ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие беруде қажымас қайратымен, өнегелі үлгісімен, жаңашылдық жолымен, адамгершілік қасиетімен, қоғамдық жұмысымен, заманауи саясатымен, ұстаздық жолын көрсете отырып мектебімізде сабақ беріп келеді. Осы кезеңнің ішінде қоғамымыздың ілгері дамуына сәйкес, ұстаздарға, жүктелген жауапкершілік жүгі де салмақтай түсті. Мұғалімнің бойындағы тағы бір ерекшелігі – ол өзі үлгі көрсете отырып басқадан талап ете білуі. Осы бағытта өткізген сабақтары, тәрбие сағаттары, ата-аналармен өткізген түрлі шаралары өз әріптестері мен көпшіліктің көңілінен шығатын. Құдай берген қабілетінің арқасында «білікті ұстаз» биігіне көтеріліп, асқарлы асудың ұшар басына алқынбай жеткен Сембай ағайымыздың өткен өмір жолына, маңдай тері төгілген еңбек соқпағына іштей разы болмайтын шәкірті жоқ шығар, сірә. Ал, бір ұл, үш қыз тәрбиелеп төрт құбыласы тең болып отырған Сембай ағайымыздың бойындағы көрегенділік қасиеті адамгершілік жырына, тұнып тұрған ғажайып бір әлем.

Құндызай апай ұзақ жылдар бойы мектептің тыныс-тіршілігіне жауапкершілікпен қарап, ұжымның берекесі мен тазалығы үшін аянбай еңбек еткен жансыз.Директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары қызметінде жүріп, әр істің тиянақты болуына, мектептің әр бұрышының таза әрі жайлы болуына үлкен үлес қостыңыз. Сіздің еңбекқорлығыңыз, ұқыптылығыңыз, талапшылдығыңыз – баршаға үлгі

Тек жүректен арналар сөзіміз де,
Жақсылыққа жаралған жүрегіңіз.
Сөз берейік құрметпен өзіңізге,
Көпшілікке арналсын тілегіңіз.

Scanned with CamScanner

Алғашқы құттықтау сөз кезегін мектеп-лицейіміздің директоры Құлмаханбет Лаззат Өмірәліқызына беріледі!

Жүргізуші:
Зейнет жас та құтты болсын,
Мына өмірде көрдің қиын талайын.
Қиын белдер артта қалып бақ келсін,
Қара шаштың ақ шалмасын самайын.

Еңбектеріңіз еленіп құрметті демалысқа шыққан қуанышты күндеріңіз құтты болсын! Еткен еңбектеріңіз бен төккен теріңіз аз емес. Ендігі Сембай ағай,Құндыз апай апай сол еңбектің зейнетін көріп, ауырмай-сырқамай немере, шөберенің ортасында аяулы атам, асыл әжем деген атты иеленіп жүре беріңіз!

Келесі кезекті

Жүргізуші:
Ақ жүрекпен сезіп «Ұстаз бақытын»,
Шәкіртімен өткен барлық ғұмыры.
Сізге арнаймыз тілектің ең жақұтын,
Даңқыңыздың биік болсын тұғыры - дей келе сөз кезегін ұсынамыз!

Шәкірттері

Жүргізуші:
Талай күндер төккен тер мен өткен күн,
Қуаныштың нәрі көктен сепкен күн.
Талай жылдар тағылымы толысып,
Еңбектен соң зейнет келіп жеткен күн.

Еленді еңбек қуанышты бәріміз,
Зейнет жаспен құлпырады сәніңіз.
Жалынды жас кейпін әлі сақтапсыз,
Қуанышқа ортақ кіші-кәріміз.

Scanned with CamScanner

Жүргізуші:
Өмір жолдарыңыз ұзақ болып, көрген бейнетіңіздің зейнеті 100 есе, 1000 есе болып, денсаулық, бақыт, байлық алып келсін! Жапырағын жайған мәуелі бәйтеректей ғұмыр тілейміз! Еткен еңбектің еленгені кімге де болса қуаныш, көңілге үлкен медет! Қуаныштарыңыз құтты болсын! Еңбек демалысыңыздың әр күні шалқыған шаттыққа, ұл-қыздарыңыз бен немерелер ортасында бақытқа толсын!

Жүргізуші:
Қызмет деген бір белестен өтіп, құрметті демалыс деген кезеңге жеттіңіздер! Қуанышыңыз ұзағынан болсын! Ағайын-туыстың құрметіне, қосағыңыздың үлдесі мен бүлдесіне, немере мен шөберелердің шу-күлкісіне, ұл-қыздарыңыздың жеңісті шақтарын көрген шаттықтың бақытты сәттеріне бөленген әдемі ғұмыр кешіңіздер!

Сіз-Ұстазсыз,барша жан ардақтайтын,
Қанша жас Сізге ұқсауды армандайтын.
Еткен еңбек,төккен тер жемістерін,
Көретін кезде келді ұлықтайтын-демекші сахнаға құттықтау сөздің кезегін **береміз!**

Жүргізуші:
Зейнет жасқа жетіп кепсіз зымырап
Бірақ қимыл әлі жастай шымырақ
Еңбегіңіз зейнет болсын ендігі
Күндеріңіз мұң салмасын қырындап
Сембай ағай мен Құндыз апайдың ұл-қыздарына сөз кезегін береміз

Қайырылып ұзақ қарап өткеніме
Арнадым еңбегімді мектебіме
Талай жыл өтіпті ғой ұжымдастар
Осы мектепте қызмет еткеніме - деп ойланып өткен күндерге ой жүгіртіп отырған бүгінгі кешіміздің зейнеткерлері ***Сембай ағай мен Құндызай апайға сөз кезегін береміз.***

Жүргізуші:

Уақыт өтеді…
Қызмет аяқталады…

Scanned with CamScanner

Бірақ адамның ізі…
оның тәрбиесі…
жылы сөзі…
жүректе мәңгі қалады.

2-жүргізуші:

Сіздер мектеп тарихында
тек қызметкер болып емес,
үлкен тұлға болып қаласыздар.

Жүргізуші:

Құрметті Сембай ағай, Құндыз апай!
Алдағы зейнет жасыңыз:

- ұзақ ғұмыр,
- зор денсаулық,
- отбасы бақыты,
- немере қуанышы,
- бейбіт өмірге толы болсын!

Сіздерге мың алғыс!

Құрметті ақылы дария, шежірелі қария – Сембай ағай және Құндызай апай отбасыларыңызға береке – бірлік, ұзақ ғұмыр, бастар ұлы көштің алдыңғы сабында жарқырап жүре беріңіздер дей келе, құрметті қонақтарымызға алтын уақыттарын қиып мерекелік кешімізге келгендеріңізге алғысымызды білдіреміз. Қош сау болыңыздар!

Scanned with CamScanner